

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № ҚР ДСМ-8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қыркүйекте № 17429 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдерінде көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев

2018 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сулейменов

2018 жылғы " "

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 28 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-8 бұйрығымен
бекітілген 1-қосымша

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) меншік нысанына қарамастан барлық субъектілер үшін дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

1) ағымдық дезинфекция – науқас ауру ошағында болған кезде әрбір нозологиялық нысан үшін белгіленген жиілікпен жүргізілетін дезинфекция;

2) гнус – адам денсаулығына зиян келтіретін қансорғыш ұшатын жәндіктер (масалар, соналар, майда шыбындар, есеккұрттар, бәкене шыбындар) тобының біріккен атауы;

3) далалық дезинсекция – қансорғыш жәндіктер мен кенелердің санын азайту мақсатында елді мекен шегінде оларды жою немесе адамдар болатын орындардың айналасына қорғаныш аймақтарын құру;

4) далалық дератизация – кеміргіштердің санын азайту мақсатында оларды жою және адамдар үшін қауіпті аурулар эпизоотиясының дамуын болдырмау;

5) дезинфекция – сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған арнайы іс-шаралар кешені;

6) дезинфекциялық жабдық – дезинфекциялау, стерильдеу алдында тазарту, стерильдеу, дезинсекциялау және дератизациялау жүргізуге арналған аппараттар мен қондырғылар;

7) дезинфекциялық құралдар (бұдан әрі – дезқұралдар) – дезинфекциялау, стерильдеуалдында тазарту, стерильдеу (стерильдеу құралдары), дезинсекциялау (дезинсекциялау құралдары) жүргізуге арналған химиялық және биологиялық құралдар, сондай-ақ репелленттер мен педикулоцидтер;

8) дезинсекция – адамды, жануарларды, үй-жайларды және аумақты жәндіктер мен басқа да буынаяқтылардан қорғау мақсатында оларды жою бойынша профилактикалық және жою іс-шараларының кешені;

9) дератизация – кеміргіштерді жоюға немесе азайтуға бағытталған профилактикалық және жою іс-шараларының кешені;

10) жоғары деңгейдегі дезинфекция – барлық патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдер жойылатын, ал спора саны азаятын дезинфекция;

11) инсектицидтер (акарицидтер, инсектоакарицидтер) – жәндіктер мен кенелерді жою үшін пайдаланылатын химиялық табиғаттың құралдары (препараттар);

12) имаго – буын аяқтылардың дамуының ересек (жыныстық жетілген) сатысы;

13) камералық дезинфекция – дезинфекциялық камераларда дезинфекциялау және дезинсекциялау;

14) кедергілік дератизация – кеміргіштердің, инфекция тасымалдаушылардың көшуінің алдын алу мақсатында қолданыстағы (физикалық, химиялық, биологиялық) әдістердің кез келгенін пайдалана отырып, кеміргіштерді жою үшін тұрақты немесе уақытша елді мекендердің, сондай-ақ тұрғындардың демалыс орындарының, сауықтыру мекемелерінің айналасында ені кемінде 200 метр қорғаныш аймағын құру;

15) кенттік дезинсекция – елді мекен шегінде зиянды жәндіктерді, кенелерді және басқа да буынаяқтыларды жою;

16) кенттік дератизация – тұрғын үй-жайларда (ғимараттарда), қора-қопсы құрылыстарында, мал шаруашылығы, өндірістік, қойма және өзге де үй-жайларда, сондай-ақ елді мекен шегіндегі ашық аумақта кеміргіштерді жою;

17) қолдану режимі – препаративті нысанда пайдаланылатын қолданыстағы заттардың шоғырлануын қоса алғанда, дезинфекциялау құралын қолдануды сипаттайтын нормалардың жиынтығы, препараттың шығыны, өңдеу уақыты, өңдеу жиілігі мен ауданы, қосымша заттар мен әдістерді пайдалану;

18) қорытынды дезинфекция – науқасты емдеуге жатқызғаннан, оқшаулағаннан кейін, ол жазылған соң немесе қайтыс болғаннан кейін ошақта жүргізілетін дезинфекция;

19) орта деңгейдегі дезинфекция – бактериялар (оның ішінде туберкулез микобактериясы), вирустар (оның ішінде поливирустар), грибоктар жойылатын, бірақ спора жойылмайтын дезинфекция;

20) ошақ – инфекция қоздырғышы науқастан сезімтал адамдарға беріле алатын шектерде оны қоршаған аумағы бар, инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқастың болатын орны;

21) ошақтық дезинфекция – ошақтарда инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу және (немесе) жою мақсатында жүргізілетін дезинфекция;

22) препаративті нысан – дезинфекциялау құралдарын шығару және (немесе) пайдалану нысаны;

23) репеллентті құралдар – буынаяқтыларды немесе кеміргіштерді үркітетін химиялық заттар;

24) родентицидтер (ратицидтер) – кеміргіштерге қарсы күреске арналған препараттар (құралдар);

25) стерилизация – қоздырғыштардың барлық түрін, оның ішінде спораларды физикалық, химиялық, термиялық немесе аралас әдістермен оларға әсер ету арқылы толық жою;

26) төмен деңгейдегі дезинфекция – бактериялар, кейбір грибоктар жойылатын, бірақ туберкулез микобактериясы сияқты төзімді бактерияларға қатысты тиімсіз дезинфекция;

3. Дезинфекциялау, дезинсекциялау мен дератизациялау жүргізу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 152-бабына сәйкес (ары қарай-Кодекс) жүзеге асырылады.

4. Дезқұралдарымен жұмыс істеуге денсаулығының жағдайы бойынша қарсы көрсетілімі жоқ, кәмелет жастағы адамдарға рұқсат етіледі. Дезқұралдармен жұмыс істеуге тартылатын мамандар (дезинструктор, дезинфектор) әр 5 жыл

сайын дезинфекциялау, дезинсекциялау дератизациялау бойынша кәсіптік даярлықтан және жыл сайын жұмыстарды қауіпсіз жүзеге асыру, дезқұралдармен уланған кезде дәрігер қарағанға дейін алғашқы көмек көрсету мәселелері бойынша нұсқамадан өтеді.

5. Дезинфекциялау құралдарын сақтау және тасымалдау Кодексінің 156-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

6. Дезқұралдар затбелгіде құралдың атауы, оның тағайындалуы, жарамдылық мерзімін көрсете отырып, өнім берушінің ыдысында (қаптамада) сақталады. Ыдыстың затбелгісі дезқұралды сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталады.

7. Дезинфекциялау, дезинсекциялау мен дератизациялау жүргізу үшін Қазақстан Республикасының және Евразиялық экономикалық комиссиясының қатысушы мемлекеттердің аумағында қолдануға рұқсат етілген дезқұралдар қолданылады. Дезқұралдардың қауіптілігі осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген дезинфекция, дезинсекция дератизация құралдарының қауіптілігін сыныптауға сәйкес белгіленеді. Дезқұралдарды қолдану шарттары олардың қауіптілік дәрежесімен айқындалады:

1) жабық үй-жайларда аса қауіпті құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді, қолдану ұсынылмайды (1-сынып);

2) білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау ұйымдарында, қоғамдық тамақтану объектілерінде және тұрғын үй-жайларда жоғары қауіпті құралдарды (2-сынып) пайдалануға рұқсат етілмейді. Басқа объектілерде кейіннен міндетті түрде желдету және жинау арқылы тек оқытылған персонал ғана оларда адамдар жоқ кезде қолдануына рұқсат етіледі (2-сынып);

3) орташа қауіпті құралдарды (3-сынып) оқытылған персоналдың кез келген типтегі үй-жайларда және тұрғындардың тұрмыста, бірақ қолдану шарттарының міндетті түрдегі регламенттеуімен (препараттың шығыны, желдету режимі, жинау) пайдалануға рұқсат етіледі; 4) қауіптілігі аз құралдарды (4-сынып) қолдану саласын шектемей пайдалануға рұқсат етіледі.

8. Жарамдылық мерзімі аяқталған, жарамсыздық белгілері (түсінің өзгеруі, бөгде элементтердің болуы) бар болған жағдайда дезқұралдар есептен шығарылады және жойылады.

2-тарау. Дезинфекцияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

9. Тітіркендіргіш әсері бар және аллергиялық реакциялар тудыратын препараттармен үй-жайларды себелеу, тозаңдату, сұрту әдістерімен дезинфекциялау адамдар болмаған кезде жүргізіледі.

10. Жекелеген объектілерді зарарсыздандыру кезінде дезинфекциялық құралдардың шығыны осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жекелеген объектілерді зарарсыздандыру кезінде дезинфекциялық ерітінділердің шығынын жоспарлау нормаларына сәйкес есептеледі.

11. Инфекциялық аурудың ошағында ағымдық дезинфекция науқасты анықтаған кезден бастап емдеуге жатқызғанға дейінгі кезеңде жүргізіледі, үйде емделген кезде – аурудан жазылғанға дейін, реконвалесценттер мен бактерия тасымалдаушыларда – толық сауыққанға дейін жүргізіледі.

12. Ағымдық дезинфекцияны денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкері ұйымдастырады, оны науқасқа күтім жасайтын адам, реконвалесценттің немесе бактерия тасымалдаушының өзі жүргізеді.

13. Қорытынды дезинфекциялауды дезинфекциялық станциялар немесе санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік ұйымдарының дезинфекциялық бөлімдері (бөлімшелер) жүргізеді.

14. Қорытынды дезинфекция инфекциялық аурулар ошақтарында науқасты емдеуге жатқызу, оқшаулау, науқастың сауығуы немесе қайтыс болуы кезінен бастап бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

15. Инфекциялық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекциялауды жүргізуге өтінімді науқасты оқшаулағаннан, емдеуге жатқызғаннан кейін, диагноз өзгертілген соң, науқас қайтыс болғаннан кейін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының маманы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың бөлімдеріне (бөлімшелеріне), дезинфекциялық станцияларға, обаға қарсы күрес мекемелеріне телефон арқылы береді.

16. Денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялау құралдарына қажеттілігін есептеу осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

17. Дезинфекциялау және стерильдеу режимдерін сақтауды қанағаттанарлық түрде бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша айқындалады:

1) ағымдық дезинфекциялаудан кейін 50 минуттан кешіктірмей алынған бактериологиялық шайындылардың 5 пайызынан (бұдан әрі – %) аспайтын бақылау объектілерінен патогенді емес микрофлораны себу;

2) дезқұралдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген дезинфекциялау ерітінділерінің шоғырлануын сақтау;

3) әр түрінің қойылған сынамаларының кемінде 5 %-ын дезинфекциялау заттарының қалдық санына сәйкес келмейтін қанағаттанғысыз экспресс-сынамаларды анықтау;

4) тестілік бактериологиялық бағалаудың камералық дезинфекциялау режиміне сәйкес келуі;

5) қанның қалдық санына оң нәтижелі сынамалардың болмауы;

6) синтетикалық жуу заттарының сілтілік компоненттерінің және майлы дәрі-дәрмектер қалдықтарының қалдық санына оң нәтижелі сынамалардың болмауы;

7) стерильденбеген материалдың болмауы, стерильдеу режимінің сәйкес келуі (микроорганизмдердің вегетативтік және споралық түрлерін толық жою).

18. Ошақтардағы ағымдық дезинфекциялаудың сапасын бағалау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің мамандары зертханалық әдістерді ошақтардың кемінде 5 %-ында қолдана отырып, бір ошақтан кемінде 10 бактериологиялық шайынды алу, дезинфекциялау құралының (құрғақ препарат) 1 сынамасын, жұмыс ерітіндісінің 1 сынамасын алу арқылы жүзеге асырады.

19. Егер патогенді емес микрофлораның болуына оң нәтижелі шайындылардың саны алынған шайындылар санының 3 %-нан аспайтынды, дезинфекциялау препаратының қалдық санының болуына теріс экспресс-сынамалар саны 5 %-дан аспайтынды және дезинфекциялау ерітінділерінің қанағаттанғысыз талдауының саны 5 %-дан аспайтынды құрайтын болса, дезинфекциялау сапасы қанағаттанарлық болып есептеледі.

20. Қорытынды дезинфекциялау жүргізгеннен кейін патогенді микрофлораны сепкен кезде, соңғысы қанағаттанғысыз болып есептеледі және дезинфекция сапасын кейіннен бағалау арқылы қайта жүргізіледі.

21. Қорытынды дезинфекциялау бойынша жұмысты ұйымдастыру сапасын бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша айқындалады:

1) қорытынды дезинфекциялауға жататын ошақтар санының ішінде инфекциялық ошақтарды өңдеумен қамту – кемінде 95 %;

2) (науқасты емдеуге жатқызу немесе ұйымдастырылған ұжымнан оқшаулау сәтінен бастап бір тәулік ішінде инфекциялық ошақтарда қорытынды дезинфекциялауды орындау) қорытынды дезинфекциялауды уақтылы жүргізу – кемінде 95 %;

3) камералық дезинфекциялау жүргізуге жататын ошақтар санының ішінде камералық дезинфекциялау – кемінде 95 %;

4) ошақтарды қорытынды дезинфекциялау сапасын бақылаумен қамту:

көзбен тексерген кезде – жүргізілген дезинфекцияның жалпы санының кемінде 10 %-ы. зертханалық әдістерді қолдана отырып – дезинфекция

аяқталғаннан кейін 1 сағаттан 3 сағатқа дейінгі кезеңде пәтер ошақтарының кемінде 10 %-ы.

22. Денсаулық сақтау ұйымдарында дезинфекциялау сапасын бағалау үшін мыналар жүргізіледі:

1) стационарларда бір төсекке 0,3 шайынды есебімен, бірақ 30 шайындыдан аз емес, амбулаториялық-емханалық ұйымдарда бір келуге 0,2 шайынды есебімен заттардан және жабдықтан шайынды алу арқылы дезинфекциялаудың сапасын бактериологиялық бағалау;

2) бастапқы дезинфектанттардың, дезпрепараттардың жұмыс ерітінділерінің әр түрінің сынамаларының кемінде 2 сынамасын зерттеу. Сынамаларды алу кезінде сынаманың алынған күні, дезинфекциялау ерітіндісінің дайындалған күні, оның шоғырлануы, қолданылу мақсаты белгіленеді;

3) камераның типі мен көлеміне байланысты дезинфекциялау камераларының жұмысының тиімділігін бақылау камераның үш жазықтығында 5-10 бактериялық (химиялық) тест салу арқылы жүргізіледі. Стерильдеу сапасын бағалау үшін стерильдеу жағдайларына, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен ауа ортасының стерильдігіне бақылау жүргізіледі.

23. Хирургиялық бейіндегі стационарлардың (бөлімшелердің) үй-жайларындағы ауа мынадай тәсілдермен зарарсыздандырылады:

1) адамдар болмаған кезде қолданылатын ашық және аралас бактерицидті сәулелегіштер мен жабық сәулелегіштердің, оның ішінде адамдар болған кезде ауаны зарарсыздандыруды жүргізуге мүмкіндік беретін рециркуляторлардың көмегімен ультракүлгін сәулеленумен әсер ету;

2) қорытынды тип бойынша дезинфекциялау және күрделі жинау жүргізу кезінде адамдар болмағанда арнайы шашатын аппаратураның (аэрозоль генераторлары) көмегімен дезинфекциялау құралдарының аэрозольдерімен әсер ету;

3) қорытынды дезинфекциялау және күрделі жинау жүргізу кезінде адамдар болмағанда озон генераторлары қондырғыларының көмегімен озонмен әсер ету;

4) микробтарға қарсы сүзгілерді қолдану.

24. Пациентті стационардан шығарғаннан кейін төсек-орын жабдығына камералық дезинфекциялау жүргізіледі. Бүтіндей тігілген қорғаныш гигиеналық тыстардағы матрастар мен жастықтар дезинфекциялау құралдарымен тыстарды сүрту және су бүрку арқылы зарарсыздандырылады.

25. Дезинфекциялау, стерильдеу сапасын бактериологиялық бағалау, биологиялық тесттерді дайындау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар жүзеге асырады.

3-тарау. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды дезинфекциялауды, стерильдеу алдындағы тазартуды, стерильдеуді және сақтауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

26. Медициналық жабдық пен медициналық мақсаттағы бұйымдар (бұдан әрі – ММБ) адам ағзасымен жанасу дәрежесіне және пациенттің жұқтыру қаупіне қарай үш топқа бөлінеді:

1) сыни ММБ – адамның тіндерімен, ағза қуыстарымен немесе қан жүретін жолдармен тікелей жанасатын құрал-саймандар мен жабдық;

2) жартылай сыни ММБ – зақымданбаған сілемейлі қабықтармен жанасатын құрал-саймандар мен жабдық;

3) сыни емес ММБ – зақымданбаған тері жамылғымен жанасатын құрал-саймандар, жабдық пен күтім жасау заттары.

Сыни ММБ стерильдеуге, жартылай сыни ММБ – жоғарғы және орта деңгейдегі дезинфекциялауға, сыни емес ММБ орта және төмен деңгейдегі дезинфекциялауға жатады.

27. ММБ-ны дезинфекциялау және стерильдеу алдында өңдеу осы Санитариялық қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес жүргізіледі.

28. Денсаулық сақтау объектілерінде стерильді түрде шығарылатын тігіс материалы пайдаланылады. Тігіс материалын этил спиртімен өңдеуге және сақтауға жол берілмейді.

29. Наркозды-тыныс алу аппаратурасын пайдалануға дайындау кезінде аталған аппаратураны жарактандыруға арналған арнайы бактериялық сүзгілер пайдаланылады. Бактериялық сүзгілерді орнату және алмастыру нақты бактериялық сүзгіні қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Ылғандандырғыш резервуарларды толтыру үшін стерильді дистильденген су пайдаланылады. Аппараттардың алмалы-салмалы бөлшектері тиісті материалдардан жасалған ММБ сияқты дезинфекцияланады.

30. Пациенттерге күтім жасау заттарын мынадай тәсілдермен дезинфекциялайды:

1) дезқұралдың ерітіндісіне малынған мата сулықпен сүрту тәсілімен;

2) кейіннен сумен шая отырып, дезқұрал ерітіндісіне батыру тәсілімен;

3) белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат берілген жуу-дезинфекциялау қондырғыларын пайдалануға болады.

31. ММБ-ны стерильдеу ыстық-ауа стерилизаторларында, автоклавтарда, спорцидті әсер ететін стерильдеу құралдарының ерітінділеріне салып өңдеу (жоғары деңгейдегі дезинфекция) жолымен осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеу әдістерге сәйкес жүргізіледі.

32. ММБ-ны стерильдеу сапасын бағалау осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада сәйкес жүргізіледі.

33. ММБ-ны дезинфекциялау, стерильдеу алдында тазарту және химиялық заттардың ерітінділерімен стерильдеу кезінде оларды каналдары мен қуыстарын толтырып, дезқұралдардың жұмыс ерітіндісіне (бұдан әрі – ерітінді) батырады. Алмалы-салмалы бұйымдарды бөлшектелген түрінде батырады, құлыпталатын бөлшектері бар құрал-саймандар ерітіндіде бірнеше жұмыс әрекетін жасап, ашылып батырылады.

34. Өңдеу жүргізуге арналған ерітіндінің мөлшері ММБ толық батырылуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс, бұл ретте ерітіндінің мөлшері бұйымдардан кемінде бір сантиметрге (бұдан әрі – см) жоғары болуы тиіс.

35. Көп рет қолданылатын ММБ-ны дезинфекциялағаннан кейін оны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік ұсынымдарға) сәйкес дезинфекциялау құралдарының қалдықтарынан тазартып жуылады.

36. ММБ-ның стерильдеу алдында тазарту сапасын бағалау күн сайын жүргізіледі. Бақылауға мыналар жатады: стерильдеу бөлімшесінде – ауысымда өңделген бұйымдардың әрбір атауының 1 %-ы; орталықтандырылмаған өңдеу кезінде – әрбір атаудың бір уақытта өңделген бұйымдардың 1 %-ы, бірақ кемінде үш бірлік. Бақылау нәтижелері журналда сынамаларды жүргізген күнін, өңделген бұйымдардың санын және атауын, бақыланған бұйымдардың санын, сынаманың нәтижесін және сынаманы жүргізген адамның аты-жөнін көрсетіліп тіркеледі.

37. Жараның бетімен, қанмен (пациенттің ағзасындағы немесе оған енгізілетін) және/немесе инъекциялық препараттармен жанасатын ММБ, сондай-ақ пайдалану үдерісінде сілемейлі қабықшамен жанасатын және оны зақымдайтын медициналық құрал-саймандардың жекелеген түрлері стерильдеуге жатады.

38. Булау әдісімен ММБ-ны, құрал-саймандардың, тоттануға берік металл аппараттардың бөлшектерін, әйнекті, киім-кешекті, таңу материалын, мақта шарларды, резеңкеден, латекстен және пластмассаның жекелеген түрлерінен жасалған бұйымдарды стерильдейді.

39. Ауа әдісімен ММБ-ны, құрал-саймандар мен аппараттардың, оның ішінде тоттануға берік емес металдан жасалған бөлшектерін, силиконды резеңкеден жасалған бұйымдарды стерильдейді. Ауа әдісімен стерильдеу алдында бұйымдарды стерильдеу алдындағы тазартудан кейін кептіру шкафында 85 Цельсий градус (бұдан әрі – 0С) температурада көзге көрінетін ылғалы кеткенге дейін кептіреді. Ауа әдісімен стерильдеу үшін кептіру шкафтар пайдаланылмайды.

40. Химиялық құралдардың ерітінділерін қолдана отырып, химиялық стерильдеу әдісі басқа стерильдеу әдістерін пайдалануға мүмкіндік бермейтін,

термолабильді материалдар пайдаланылған құрылымдағы бұйымдарды стерильдеу үшін қолданылады. Жұмыс ерітінділерінің сұйытылуын болдырмау үшін оларға батырылған ММБ құрғақ болуы тиіс. Химиялық құралдардың ерітінділерімен стерильдеу кезінде барлық манипуляциялар асептика қағидаларын қатаң сақтай отырып жүргізіледі: стерильдеу үшін стерильді ыдыстар және химиялық заттардың қалдықтарынан жуып шаю үшін стерильді су пайдаланылады.

41. Плазмалық стерилизаторларда сутегі тотығы негізінде стерильдеу құралдарын пайдалана отырып, плазмалық әдіспен хирургиялық, эндоскопиялық құрал-саймандарды, эндоскоптарды, оптикалық құрылғылар мен құрал-жабдықтарды, талшықты жарық өткізгіш кабельдерді, зондтар мен қабылдағыштарды, электр сымдары мен кабельдерді және металлдардан, латекстен, пластмассадан, әйнектен және кремнийден жасалған бұйымдарды стерильдейді.

42. Гласперленді стерилизаторлар стоматологиялық ұйымдарда (кабинеттерде) борларды және ұсақ құралдарды қыздырылған әйнек шарлардың ішіне толық батырып стерильдеуге қолданады. Гласперленді стерилизаторлар қыздырылған әйнек шарлардың ішіне толық батыру мүмкін емес үлкен стоматологиялық құрал-саймандарды стерильдеу үшін пайдаланылмайды.

43. Металлдан жасалған стоматологиялық құрал-саймандарды инфрақызыл әдіспен стерильдейді. Газ әдісімен стерильдеу құралы ретінде этилен қышқылын, формальдегидті, озонды пайдалана отырып, әртүрлі оның ішінде термолабильді материалдардан жасалған бұйымдарды стерильдейді. Газ әдісімен стерильдеу алдында стерильдеу алдында тазартқаннан кейін бұйымдардан көрініп тұрған ылғалды жояды.

44. Булау, ауа және плазмалы әдістерді қолдану кезінде қағаз, аралас және пластикті қаптама стерильдеу материалдарын, сондай-ақ пергамент пен бөзді (стерильдеу әдісіне байланысты) пайдалана отырып, бұйымдарды оралған күйінде стерильдейді. Қаптама материалдары бір рет пайдаланылады. Стерильдеу бұйымдардың нақты топтарын стерильдеуге арналған құралдарды қолдану режимдеріне сәйкес, сондай-ақ стерилизаторларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

45. Булау әдісін қолданған кезде одан басқа сүзгілері бар стерильдеу қораптарын пайдаланады. Ауа және инфрақызыл әдістерін қолдану кезінде бұйымдарды қапталмаған күйде (ашық астаушаларда) стерильдеуге жол беріледі, одан кейін олар мақсаты бойынша дереу пайдаланылады.

46. Барлық стоматологиялық кабинеттер пациенттердің манипуляциялары арасындағы оларды өңдеу үшін қажетті, уақытты ескере отырып, үздіксіз жұмыс істеуі үшін жеткілікті көлемде медициналық мақсаттағы және медициналық

техниканың бұйымдарымен қамтамасыз етіледі: дәрігер-стоматологтың әрбір жұмыс орнына - кемінде 6 ұштық (оның ішінде екі бұрышты, екі түзу, екі турбиналық), әрбір баруға - жеке қарау стоматологиялық жиынтығынан тұратын құрал-саймандар (лоток, стоматологиялық айна, тіс дәрігерінің пинцеті, стоматологиялық зонд), валикті мақта пакеті, пинцетімен пакет (әрбір пациент үшін жұмысқа арналған қажетті стерильді құрал-саймандар), әрбір жергілікті анестезия үшін - бір рет қолданылатын инесімен стерильді карпульдік шприц.

47. Қапталған күйде стерильденген бұйымдарды сақтау шкафтарда, жұмыс үстелдерінде жүзеге асырылады. Сақтау мерзімдері қаптамада көрсетіледі және оны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қаптама материалының түрімен айқындалады.

48. Қапталмаған күйде бұйымдарды стерильдеуге орталықтандырылмаған өңдеу жүйесі кезінде ғана мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) ММБ-ны химиялық заттардың ерітінділерімен стерильдеу кезінде;

2) металлдан жасалған құрал-саймандарды портативті стерилизаторларда термикалық (гласперленді, инфрақызыл, ауа, булау) әдістерімен стерильдеу кезінде. Қапталмаған күйде стерильденген барлық бұйымдарды мақсаты бойынша дереу пайдаланған орынды. Оларды кабинеттен кабинетке тасымалдауға жол берілмейді.

49. Қажет болған жағдайда термикалық әдістердің бірімен қапталмаған күйде стерильденген құрал-саймандарды стерильдеуден кейін жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген мерзім ішінде бактерицидті (ультракүлгін шамдармен жабдықталған) камераларда сақтауға, мұндай камералар болмаған жағдайда, стерильденген үстелде 6 сағаттан асырмай сақтауға жол беріледі.

50. Стерильденген қораптарда стерильденген ММБ-ны оларды ашқаннан кейін 6 сағаттан асырмай пайдалануға жол беріледі.

51. Ультракүлгін шамдармен жабдықталған бактерицидті камераларды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес олардың микроағзалармен екінші рет ластануын азайту үшін құрал-саймандарды сақтау мақсатында ғана қолданылады. Мұндай жабдық бұйымдарды дезинфекциялау немесе стерильдеу мақсатында қолданбайды.

52. Химиялық заттардың ерітінділерін қолдана отырып, химиялық әдіспен стерильдеу кезінде стерильді сумен жуылған, стерильденген бұйымдарды мақсаты бойынша дереу қолданады немесе стерильденген жайма төселген, сүзгісі бар стерильді стерильдеу қорабына 3 тәуліктен аспайтын мерзімге сақтауға қояды.

53. Стерильденген үстелдің үстін жайғанға дейін емшара және манипуляциялау үй-жайлары ағымдық жинауға жатады, жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген уақытқа бактерицидті сәулелендіргіш

қосылады. Стерильденген үстелдің үстін жою бойынша барлық манипуляциялар стерильденген халатта, бетпердеде және қолғаптарда стерильденген жаймаларды пайдалана отырып жүргізіледі. Стерильденген үстелді жаю күні мен уақыты туралы белгі қойылады. Стерильденген үстелді 6 сағатқа жаяды. Стерильді үстелде осы уақыт ішінде пайдаланылмаған материалдар мен құрал-саймандарды қайта стерильдеуге жібереді.

54. Медициналық манипуляциялар жүргізу кезінде дене бөлігін өңдеу үшін антисептикалық ерітіндісіне салынған стерильді мақталы немесе дәкелі шариктер немесе бір рет қолданылатын стерильді антисептикалық майлықтар қолданылады. Стерильдеуден кейін сақтау мерзімі өткен стерильденген ММБ-ны пайдалануға жол берілмейді.

55. Стерильдеуді бақылау стерилизаторлардың жұмысын бақылауды, стерильдеу режимдері параметрлерінің мәндерін тексеруді және оның тиімділігін бағалауды қамтиды. Стерилизаторлардың жұмысын бақылау физикалық (бақылау-өлшеу құрал-саймандарын пайдалана отырып), химиялық (химиялық индикаторларды пайдалана отырып) және бактериологиялық (биологиялық индикаторларды пайдалана отырып) әдістермен жүргізіледі. Стерильдеу режимдерінің параметрлерін физикалық және химиялық әдістермен бақылайды.

Стерильдеу тиімділігін ММБ стерильділігін бақылау кезінде бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері негізінде бағалайды.

56. Стерилизаторлар оларды орнатқаннан (жөндегеннен) кейін, сондай-ақ пайдалану барысында өндірістік бақылау тәртібімен жылына кемінде екі рет бактериологиялық бақылауға жатады.

57. Стерилизаторларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды кепілді және ағымдық жөндеуді сервистік қызметтердің мамандары жүзеге асырады.

58. Булау мен ауа стерилизаторларының жұмысын бақылау химиялық және биологиялық тестілерді, термохимиялық индикаторларды пайдалана отырып, физикалық, химиялық және бактериологиялық әдістермен жүзеге асырылады.

59. Физикалық және химиялық әдістермен стерильдеу циклі үдерісінде бу және ауа стерилизаторларының жұмысы режимінің параметрлерін бақылау жүзеге асырылады, бактериологиялық әдіспен стерилизатор жұмысының тиімділігі бағаланады.

60. Стерилизаторлардың жұмысын бақылауды оларды әр толтырған кезде денсаулық сақтау объектілерінің мамандары жүргізеді.

61. Стерильдеу жабдығын өлшеу құралдары "Өлшем бірілігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген тәртіппен тексеруге жатқызылады.

62. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері стерилизаторлар жұмысының тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады.

63. Стерилизатордың температурасын бақылауды жүргізу кезінде тестілерді (химиялық тестілер, термохимиялық индикаторлар мен биологиялық тестілер) стерильдеу материалы бар қаптама қағаздан жасалған пакеттерге орайды және осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген булау және ауа стерилизаторларының жұмыс тәртібінің температуралық параметрлерін бақылауға арналған химиялық тестілер рецептурасына және бақылау нүктелерінің орналасуына сәйкес орналастырады.

64. Стерильденетін материалдың әр партиясы медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеуді есепке алу журналында стерилизатордың тіркелу маркасы, нөмірі, уақыты, зарарсыздандыру режимі зарарсыздандыру нәтижелерімен, тест – бақылау тіркеледі. Стерилизатордың паспорты, стерилизаторлардың техникалық жай-күйі мен стерильдеу тиімділігін тексеру туралы актілер мен хаттамалар денсаулық сақтау объектілерінде жауапты адамда сақталады.

65. Стерильденбеген эндоскопиялық манипуляциялар кезінде (жеке микробтық көрінісі бар ағза қуыстарына табиғи жолдар арқылы эндоскоп енгізілген кезде) пайдаланылатын эндоскоптар тікелей қолданылып болғаннан кейін алдын ала тазартуға, соңғы тазартуға, жоғары деңгейдегі дезинфекциялауға және микроағзалармен екінші рет ластануды болдырмайтын жағдайларда сақтауға жатады.

Стерильді эндоскопиялық манипуляциялар кезінде (хирургиялық араласулар кезінде пайдаланылатын олардың каналдары арқылы стерильденген құрал-саймандарды енгізу, эндоскоптарды стерильденген қуыстарға енгізу, жарамен, қанмен жанасу) пайдаланылатын эндоскоптар қолданылып болғаннан кейін алдын ала тазартуға, стерильдеу алдында тазартуға, стерильдеуге және микроағзалармен екінші рет ластануды болдырмайтын жағдайларда сақтауға жатады.

Эндоскоптар мен олардың құрал-саймандарын дезинфекциялау, стерильдеу алдында тазарту және стерильдеу осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

66. ММБ-ны стерильдеуді, дезинфекциялау ұйымдастыру және оның сапасы үшін жауапкершілік денсаулық сақтау объектісінің басшысына жүктеледі.

67. Стерилизаторлар жұмысын бақылаудың физикалық әдісін температураны (термометр, максимальды термометр), қысымды (манометр) өлшеу

құралдарының көмегімен және стерильдеу уақытын есепке алу арқылы жүзеге асырылады. Стерилизатордың жұмыс режимдерінің параметрлерін аппараттың паспортына сәйкес жүргізілетін стерильдеудің барлық циклінде тексеріледі.

68. Бақылаудың химиялық әдісі химиялық тестілердің және термохимиялық индикаторлардың көмегімен жүзеге асырылады. Стерильдеудің аяқталуы индикаторлардың түсінің өзгеруі бойынша көзбен айқындалады

69. Бақылаудың бактериологиялық әдісі микробтар спораларының дозаланған санын қамтитын биологиялық тестілердің көмегімен жүзеге асырылады. Биологиялық тестілер патогендіктің I-IV топтарындағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге режимдік комиссияның рұқсаты бар бактериологиялық зертханалар дайындайды.

70. Стерильдеу аяқталғаннан кейін биологиялық тестілер полиэтиленді пакетке салынады және сол күні санитариялық-микробиологиялық зерттеуге жолдамамен бірге бактериологиялық зертханаға жеткізіледі.

71. Булау стерилизаторларымен жұмыс істеуге жасы он сегізден асқан, булау стерилизаторымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарды сақтау бойынша нұсқамадан өткен адамдар жіберіледі.

72. Булау стерилизаторы қабырғалардан 0,8 метр (бұдан әрі – м), шкаф стерилизаторлары 1,5 м қашықтықта орнатылады. Үй-жайдағы еденге ток өткізбейтін материал төселеді.

73. Әрбір электр стерилизаторы электр желісіне ажыратқыш немесе автоматты ажыратқыш арқылы қосылады. Ажыратқыш немесе автоматты ажыратқыш еденнен 1,6 м және булау стерилизаторынан 1 м-ден қашық емес қашықтықта орнатылады. Осы ажыратқышқа немесе автоматты ажыратқышқа электр энергиясының басқа тұтынушылары қосылмайды.

74. Жерге тұйықтау ретінде орталық жылу жүйелерінің су құбырлары, кәріздеу құбырлары, жанатын немесе жарылғыш заттар құбырлары, жайтартқыштардың жерге тұйықтағыштары пайдаланылмайды.

75. Стерилизаторларда медициналық бұйымдарды стерильдеумен байланысы жоқ қандай да бір жұмыстар жүргізуге, сондай-ақ үй-жайда жүруге кедергі келтіретін және ластайтын бөгде заттарды сақтауға тыйым салынады.

76. Стерилизаторлар жұмыс істеп тұрған кезде қызмет көрсететін персоналға және стерилизаторлардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын адамдарға ғана үй-жайға кіруге рұқсат етіледі.

77. Стерильдеу аппаратурасы орнатылған әрбір үй-жайда көрінетін жерде аппаратураны пайдалану жөніндегі қағидалар орналастырылады.

78. Автоклав үй-жайы табиғи жарықтандырумен, сорып-шығаратын желдеткішпен, фрамугалармен немесе желкөздермен қамтамасыз етіледі. Стерилизатор жұмыс істеп тұрған кезде үй-жайда есік бекітілмейді.

79. Булау стерилизаторының әрқайсысы сақтандырғыш қақпақпен және дәлдік сыныбы кемінде екі жарым болатын және жұмыс қысымын өлшеу шкаласының шегі үштен екісінде болатындай осындай шкала бар пломбаланған жарамды манометрмен жабдықталады.

80. Таңбасына пломба қойылмаған, тексеру мерзімі өткен, әйнегі сынған немесе басқа да зақымданулары болған кезде, манометрді қолдануға жол берілмейді.

81. Қызмет көрсететін персонал булау стерилизаторларының жұмыс режимі мен қауіпсіз қызмет көрсету бойынша талаптарды орындайды, бақылау-өлшеу құрал-саймандары мен сақтандыру құрылғыларының жарамдылығын уақтылы тексереді.

4-тарау. Дезинсекцияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

82. Объектілерде дезинсекциялау жұмыстары оларда жәндіктердің болуын алдын ала тексеруден, түрлерін анықтаудан, орналасу орнын және санын анықтаудан басталады.

83. Жүргізілген дезинсекциялау жұмыстары тиімділігінің көрсеткіші жәндіктерден тазартылған алаңдардың артуы, ал шыбындарға қарсы күрес кезінде – дернәсілдердің, қуыршақтардың болмауы және санының азаюы болып есептеледі.

84. Дезинсекция өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантропты буынаяқтылар мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда оған іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі.

85. Қансорғыш жәндіктерге қарсы күрес үшін дезинсекцияның мынадай түрлері қолданылады:

- 1) экологиялық – олардың көбеюінің алдын алу үшін қоршаған ортаның тиісті санитариялық жағдайын ұстау;
- 2) гидротехникалық – батпақтануды құрғату, суару жүйелерін қайта құру;
- 3) биологиялық – дернәсілқоректі балықтарды (ларвифагтар), бактериалық препараттарды қолдану;
- 4) физикалық – мұнай өнімдерін, майларды және өзгелерді қолдану;
- 5) химиялық – химиялық тәсілмен синтезделген заттарды қолдану.

86. Жәндіктерге және басқа да буынаяқтыларға қарсы дезинсекциялық өңдеудің үш түрі қолданылады:

- 1) жаппай өңдеу – жәндіктердің нысаналы түрлері орналасқан барлық үй-жайларда және оларға іргелес аумақтарда жүргізіледі;

2) кедергілік өңдеу – белгілі бір аумақтың айналасына қорғаныш аймақтарын құру.

3) микроошақтық өңдеу – инфекциялық аурулардың ошағындағы және оған іргелес аумақты дезинсекциялау.

87. Инсектицидті ауқымды қолдану алдында климаттық жағдайларды есепке ала отырып, оны жергілікті жағдайда ең төменгі, бірақ дозалау әсерін қамтамасыз ететін өңдеу мақсатында алдын ала (жартылай өндірістік) сынау жүргізіледі.

88. Профилактикалық өңдеулерді өткізу мерзімі жергілікті жағдайлар ерекшеліктері мен энтомологиялық мониторинг деректерін негізге ала отырып анықталады. Жәндіктерге қарсы (тарақан, шыбындар, құмырсқалар, қандалалар, бүргелер, биттер) өңдеулер еселігі объектілердің қоныстануына байланысты жүргізіледі; шыбындар мен масаларға қарсы күрес (су басқан, ылғалды, дымқыл жертөле үй-жайларда, жер асты суларының жоғары деңгейінде, кәріз желілеріндегі апаттық жағдайлар кезінде) авариялық үй-жайларда және демалыс аймақтарында санитарлық-эпидемиологиялық және энтомологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Дезинсекциялау іс-шараларының еселігі тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану және азық-түлік сауда объектілерінде айына 1 рет, білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау объектілерінде, коммуналдық мақсаттағы объектілерде жылына 4-тен 12 рет және көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

89. Өңдеу қызметін бастау үшін су қоймаларында 2-ші жастағы дернәсілдердің және 3-жастағы алғашқы дернәсілдердің жаппай пайда болуы көрсеткіш болып табылады. Еселігі дернәсілдер мөлшерінің қалпына келу санымен және олардың белсенділігі кезеңімен анықталады.

90. Безгек масалары дернәсілдерін жою жөніндегі іс-шаралар безгектің жаңаруының 1-ші қауіптілік дәрежесіндегі елді мекендер аумағында, сондай-ақ олардың айналасында 3-5 километр (бұдан әрі – км) радиуста орналасқан барлық анофелогенді су қоймаларында жүргізіледі.

91. Шыбын-шіркейге қарсы өңдеулер орта жастағы дернәсілдердің пайда болуы кезінде жүргізіледі. Шыбын-шіркей бір генерациядан өтетін жерлерде бір маусымда 1-2 өңдеумен шектеледі; генерация екі және одан көп болғанда - 4 және одан да көп өңдеу жүргізіледі. Өңдеуге жататын су қоймаларын тексеруді және энтомологиялық тексеруді 5-10 күнде бір рет жүргізеді.

92. Егер жәндіктер бір ай бойы үй-жайлардың ешқайсысында байқалмаса объект "жәндіктерден тазартылғанға" жатқызылады. Бірлі-жарым тірі жәндік анықталған жағдайда объект "жәндіктер орналасқан" санатына ауыстырылады

және қайта өңдеу жүргізіледі. Егер объекті ауданының кемінде 20 %-ында жекелеген жәндіктер мен олардың жиналуы анықталған болса, ғимараттарға (немесе жапсарлас салынған объектілерге) жәндіктердің орналасуы жоғары деңгейде деп есептеледі. Осы жағдайда үй-жайларға жаппай өңдеуді міндетті жүргізу керек.

93. Өңдеулердің тиімсіздігі анықталған жағдайда, олар орындаушының есебінен қайта жүргізіледі.

94. Масаларға қарсы өңдеу олар қыстақтан ұшуы алдында немесе алғашқы генерациясының ұшуы алдында тікелей жүргізіледі, жылытылатын жертөле үй-жайларында өңдеу жыл бойы жүргізіледі.

95. Шыбындарға қарсы күресте негізгі іс-шаралар олардың көбею орындарын өңдеу болып табылады. Шыбындардың дернәсілдері мен қуыршақтарын жою үшін топырақ қоқысжинағыштардың, кәріз жүргізілмеген дәретханалардың, санитариялық-аула қондырғылар айналасындағы асфальт төселген алаңдардың, қи үйінділерінің жиегінен 30-50 см және одан 80 см-ге дейін артық қашықтықта ларвицидтермен өңделеді.

96. Жүйелі деларвациялық (шыбындардың дернәсілдері мен қуыршақтарына қарсы бағытталған) жұмыстар дернәсілдердің алғашқы жазғы генерациясының I және II сатыларының пайда болуы кезінде көктемде басталады және ол жазғы кезең бойы жалғасады. Қоқыстағы, қидағы, топырақтағы шыбын дернәсілдері мен қуыршақтарын жою үшін инсектицидтер субстраттың тереңдігіне жақсы ену үшін ерітінділер, эмульсиялар түрінде қолданылады.

97. Ашық аумақтарда шыбын-шіркейлердің экзофильді түрлеріне, компоненттеріне қарсы өңдеуді жүргізу кезінде жағалау маңындағы барлық су қоймаларына, қорғалатын объект (елді мекен, көп ұжымының жұмыс істеу орны) , сонымен қатар оның айналасындағы (қорғаныш аймағы) жаппай көбею орындарында деларвация жүргізіледі. Қорғаныш аймағының ені ландшафтқа, аумақтың өсімдіктермен өсуіне, шыбын-шіркейдің ұшу қашықтығына байланысты радиусы 1-ден 6 км-ге дейін және одан да көп болады.

98. Шыбындарға қарсы орындалған іс-шаралардың тиімділігін бағалау өлшемі шыбындардың бөлме және экзофильді түрлері санының маусымдық көрсеткіші болып табылады.

99. Шыбындар санын есепке алу олардың белсенділік кезеңінде 3-10 күнде бір рет тәулік ішінде жүргізіледі, үй-жайларда 20 шаршы метрге (бұдан әрі – м²) 1 жолақ есебімен жабысқақ жолақтар көмегімен, көбею орындарында торлы шыбынұстағышпен аулау көмегімен жүргізіледі. Тиімділік қанатты шыбындар болмаған кезде, (бір тәулікте) 1 стандарт жабысқақ қағазға орташа алғанда саны 1 данадан аспаған кезде қанағаттанарлық деп есептеледі. Кәріз жүргізілмеген жеке құрылыстар басым учаскелер мен ауылдық жерлер үшін – 3-5 данадан.

100. Іс-шаралардың тиімділігін айқындау қанатты шыбындардың, сондай-ақ көбею орындарындағы дернәсілдер мен қуыршақтардың санын есепке алу арқылы жүргізіледі. Елді мекендегі қызмет көрсететін объектілердің кемінде 5 % -ы есепке алынуға жатады.

101. Егер өңдеуден кейін барлық әдістермен бақылау жүргізу кезінде бір ай ішінде жәндіктер табылмаса, дезинсекциялық іс-шараларды жүргізу тоқтатылады.

102. Объектілерде масаларға қарсы дезинсекциялық іс-шаралардың тиімділігін бақылау пайдаланылатын дезқұралмен, өңделетін бетінің типімен айқындалатын мерзімде жүзеге асырылады. Есепке алу "ашық қол әдісімен" 20 минут ішінде жүргізіледі.

103. Дернәсілдерге қарсы іс-шаралар тиімділігінің негізгі көрсеткіші қорғалған объектілердегі қанатты масалардың саны болып табылады, масалардың дернәсілдері мен имагосын өңдеуден кейін 5-7 тәулік ішінде анықталуы жертөлениң 1 м² шаққанда қанатты масалардың 1 дарақтан аспауы тиіс.

104. Қорғаныш аймақтарын құру кезінде ашық аумақтарда, кеміргіштердің індерін өңдеуде жүргізілген гнустерге және кенелерге қарсы іс-шаралардың тиімділігін бағалау өлшемі дезинсекциялауға (деакаризациялауға) жататын аумақты 100 % қамтыған кезде өңдеуден кейін бір тәулік өткен соң жәндіктердің (кенелердің) кемінде 80 %-ы қырылуы болып табылады.

105. Жертөледегі масаларға қатысты дезинсекция тиімділігінің көрсеткіші сынамаларда тірі дернәсілдерді өндегеннен кейін 3-5 тәулікте болмауы және қанатты масалардың орта есеппен 1 м² шаққанда 1 дарағының болуы болып саналады.

106. Үй-жайларда бүргелерді жою жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау кезінде еденнің үстіне 10 м²-ге 2 қағаз есебімен жабысқақ қағаздар (20x30 сантиметр) пайданылады. Егер тәулік ішінде 1 қағазға екі бүргеден артық түспесе, жәндіктер "бірен-саран" болып есептеледі, 3-тен 10-ға дейін кездессе, – "бүрге көп", ал 10-нан артық бүрге кездессе, "бүрге өте көп" деп саналады.

107. Төсек қандалаларын жою жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау кезінде олардың неғұрлым болуы мүмкін жерлері қаралады, қарау нәтижелері мынадай болып жазылады: "бірен-саран жәндік", "жәндіктердің жиналуы" деген жазбалар, ал қандалалар болмаған жағдайда "жәндіктер анықталмады".

108. Педикулезге қарсы іс-шаралардың тиімділігін бағалау кезінде өңдеуден кейін жәндіктер мен сіркелердің мүлдем болмауы қанағаттанарлық көрсеткіш болып саналады.

5-тарау. Дератизацияны ұйымдастыру және жүргізу

109. Дератизация кеміргіштерді жою және олар орналасқан объектілерді олардан тазарту мақсатында немесе инфекциялық аурулардың кеңінен таралуының және айтарлықтай экономикалық шығынның алдын алуды қамтамасыз ететін олардың санын ең аз деңгейде тұрақты ұстап тұру үшін жүзеге асырылады.

110. Дератизациялау мынадай типтерге бөлінеді:

1) жаппай дератизациялау – елді мекеннің шегінде ашық тіршілік ету орындарын қоса алғанда, барлық елді мекеннің аумағында жылына 2 реттен сиретпей жүргізіледі;

2) ошақтық дератизациялау – инфекциялық аурулардың ошағындағы және оған іргелес аумақтағы дератизациялау. Таралуына кеміргіштер қатысуы мүмкін инфекциялық аурулар тіркелген кезде жүргізіледі;

3) іріктеп дератизациялау – жекелеген учаскелерде немесе құрылыстарда, негізінен эпидемиялық маңызы бар объектілерде: ет- және балық комбинаттарында, тоңазытқыштарда, элеваторларда, азық-түлік қоймаларында, емдеу және балалар мекемелерінде, мал шаруашылығы фермаларында кеміргіштерді жою қажет болған жағдайда жүргізіледі.

111. Дератизациялау улы қармақжемдерді қою, тозаңдату, газдау әдістерімен физикалық, механикалық, химиялық тәсілдермен жүргізіледі. Дератизациялау тәсілі мен әдісін таңдау өңделетін объектінің ерекшеліктерімен, нысаналы кеміргіштердің экологиясымен және дератизациялау құралдарының ерекшеліктерімен айқындалады.

112. Кедергілік дератизациялау кеміргіштер ең жоғары көші-қон белсенділігінің кезеңдерінде, ал ерекше эпидемиологиялық маңызы бар объектілерде – жыл бойы бақылау-жойғыш аландарын (БЖА) орналастыру жолымен аумақтың периметрі бойынша (20 метр (бұдан әрі-м) бойымен қоршау), құрылыстар (10 м бойымен қабаттар) және құрылыс салынбаған телімдерде (аптасына 1 БЖА-100 шаршы метр (бұдан әрі – шаршы м) жүргізіледі. БЖА-ны орналастыру адам үшін қауіпсіздігін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

113. Денсаулық сақтау ұйымдарының, білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, қоғамдық тамақтану, азық-түлік сауда объектілерінің құрылыстары мен аумақтарының барлық ауданы тоқсанына бір рет кеміргіштердің болуына тексеруге жатады.

114. Профилактикалық дератизациялау жұмыстарының тиімділігін қамтамасыз ету үшін өңдеулердің белгілі бір жиілігін сақтау көзделеді. Егер пайдаланылатын препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулықта өзгесі ұсынылмаса, онда үй-жайларды дератизациялау 2-3 айда 1 рет, аумақты дератизациялау жылына 4-6 рет жүргізіледі. Үй-жайларда кеміргіштер ұзақ уақыт болмаған кезде

өңдеу жүргізілмейді, ал аумақты өңдеу саны екі есе қысқартылады. Үй-жайларда кеміргіштер саны жоғары болған кезде өңдеу еселігі айына 1 ретке дейін артады.

115. Азық-түлік саудасы, қоғамдық тамақтану объектілерінде, көкөніс сақтау қоймаларында, қоймаларда, тұрғын үй-жайларда және аула ішіндегі құрылыстарда уланған қармақжем дератизациялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықта көзделген қолдану режиміне сәйкес қойылады. Балаларға қолжетімді білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының үй-жайларында улы қармақжемді қоюға жол берілмейді, ал кеміргіштерді жою тек механикалық әдістермен жүргізіледі.

116. Дератизациялау құралдарының сыртқы пішіні тамақ өнімдерінен, мал жемінен, үй заттарынан, дәрілік препараттардан айрықша ерекшеленеді. Қармақжемдердің тағамдық негізі ретінде адамдар қызығатындай ұнтақталмаған күнбағыс дәні және өзге де өнімдер пайдаланбайды. Қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін кеміргіштерге арналған родентицидті қармақжемді ашық түске бояу қажет.

117. Ашық аумақтарда улы қармақжем адамдарға, үй жануарлары мен құстарға қолжетімсіз жерлерде жасырын ғана қойылады.

118. Қармақжемдерді дайындау жұмыстары арнайы жабдықталған үй-жайларда (зертханаларда) жүргізіледі және арнайы қоспалауыштарды қолданумен барынша механикаландырылуы тиіс. Улы қармақжемдерді дайындау және өлшеп-орау сорып-шығаратын жүйені қолдану және нақты дератизациялау құралдарына арналған тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізіледі. Қармақжем дайындайтын жұмыс үй-жайларда родентицидтің әсер ететін құрамына ауаны мерзімді бақылау жүргізіледі.

119. Ыдысқа салынбаған тамақ өнімдері бар үй-жайларда сусымалы (соның ішінде дәнді) улы қармақжемдерді қолдануға және дуст түріндегі дератизациялау құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

120. Адамдар үнемі болатын үй-жайларда дератизациялау аяқталғаннан кейін уы бар қармақжемнің барлық қалдықтары кәдеге жарату мақсатында жиналады. Балалардың және үй жануарларының қолжетімсіз орындарында қармақжем қорғалатын объектіде кеміргіштердің қоныстануын болдырмау үшін қалдырылады.

121. Дератизация тиімділігіне мыналар арқылы қол жеткізіледі:

1) кеміргіштер қоныстанған барлық үй-жайларды жаппай өңдеу жүргізу үшін объектіде санитариялық күнді өткізу;

2) қармақжемді қолдану жөніндегі нұсқаулықта көзделген қармақжемді қою технологиясын сақтау;

3) қойма үй-жайларында дератизациялауды жүргізетін адамдар үшін ені кемінде 70 см қабырғалар бойымен өтетін құрылғылар арқылы қабырғаларға, бұрыштарға және техникалық жүйелерге тұрақты түрде кедергісіз жетуді қамтамасыз ету;

4) әртүрлі материалдарды сақтайтын барлық орындарда еденнен кемінде 15 см биіктікте тұратын стеллаждармен жабдықтау;

5) азық-түлікті және су қорын оларға кеміргіштердің кіру мүмкіндігін барынша қиындататын жағдайда сақтау;

6) профилактикалық өңдеу жүргізу үшін қармақжемді қойғанға дейін дератизациялауды жүргізетін адамдардың барлық үй-жайларға кедергісіз кіруін қамтамасыз ету;

7) ғимараттар мен үй-жайларға кеміргіштерді кіргізбеу қағидаларын сақтау;

8) барлық үй-жайлар мен оларға іргелес аумақты тұрақты тазалау және белгіленген мерзімде қоқысты шығару.

122. Елді мекенде жаппай дератизациялау жүргізген кезде бұл туралы оның тұрғындарына дератизацияның басталуына дейін 24 сағат қалғанда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланады.

123. Елді мекенді немесе оның бір бөлігін нөмірленетін және сызба картаға түсірілетін учаскелерге бөледі. Учаскенің көлемін жұмыс көлеміне қарай айқындайды. Әрбір учаске нақты дератизаторға бекітіледі.

124. Кеміргіштермен байланысты инфекциялық ауру пайда болған кезде дератизациялық іс-шаралар шұғыл профилактика типі бойынша жүргізіледі: улы қармақжемнің құрамына жіті әсер ететін ратицидтер қолданылады. Қармақжемдік негіз ретінде аттрактанттары (өсімдік майы, қант) бар дақылдың (бидай немесе жүгері) қоспасы қолданылады. Дақылдың 100 салмақтық бөлігіне аттрактанттардың 3 салмақтық бөлігін қосады.

125. Синантропты кеміргіштерге қарсы күрестің неғұрлым тиімді әдістемесінің негізгі қағидаты кеміргіштер мекендейтін барлық жерде оларға қарсы күрес құралдарды қолдану және осы әсердің үздіксіздігі болып табылады.

126. Күресудің негізгі құралы ретінде антикоагулянттары бар ұзақ сақталатын қармақжемдерді, ал қатты әсер ететін уы бар қармақжемдерді кеміргіштер санының күздік шегіне жетуі және көктемде көбеюі кезінде жылына екі реттен жиі емес, сондай-ақ эпидкөрсеткіштер бойынша қолдану қажет.

127. Қыспаларды, қақпандарды және басқа да тұзақтарды дератизациялаудың қосымша әдісі ретінде жекелеген объектілерде қолдану ұсынылады.

128. Кеміргіштердің індерін және жүретін жолдарын тозандауға арналған уларды аз мөлшерде қолдану керек, себебі бұл тәсіл қоршаған ортаның

пестицидтермен қатты ластануына әкеп соқтырады және өңдеу жүргізілген үй-жайда үнемі болатын адамдар үшін жүргізілетін жұмыстардың қауіптілігін арттырады.

129. Сапалы дератизация жүргізудің маңызды шарты улы қармақжемдерге кеміргіштерді қарататын түрлі азық-түлік өнімдерін: ұнды, дәнді, жарманы, қантты, өсімдік майын; сирек жағдайда нанды, көкөністі, ет пен балық қалдықтарын пайдалану болып табылады.

130. Дератизация сапасының көрсеткіші осы Санитариялық қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жүргізілетін кеміргіштердің санын есепке алу болып табылады.

131. Елді мекендегі дератизациялау кеміргіштердің кемінде 80 %-ы қырылған кезде тиімді болып танылады.

6-тарау. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметін көрсететін жеке және заңды тұлғаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

132. Дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын өндіру жеке тұрған ғимаратта, әр түрлі үй-жайларда бөлек жүзеге асырылады, улы қармақжемдерді дайындау ғимараттың жеке оқшауланған үй-жайында жүргізіледі.

133. Өндірістік және қойма үй-жайлары беті жеңіл тазартылатын әрі залалсыздандырылатын тиісті технологиялық жабдықпен, стеллаждармен, сөрелермен, шкафтармен жабдықталады.

134. Өндірістік үй-жайларда еден үшін химиялық заттардың ықпал етуіне төзімді жабын қолданылады. Құрылыстың қабырғалары, төбелері мен беттері үшін ылғалды тазалауға мүмкін болатын әрлеу көзделеді.

135. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация дайындау бойынша жұмыс үй-жайлары су құбырымен, кәрізбен және жарықпен жабдықталады, онда ауаға құрамындағы родентицид затына мерзімдік бақылау жүргізіледі.

136. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарының жұмыс істеуге арналған ерітінділерін дайындау, оларды тозаңдау, дайындау, өлшеп-орау жұмыстары ішке сору-сыртқа шығару желдеткішімен жабдықталған арнайы үй-жайда міндетті түрде арнайы киімді (бұдан әрі – арнайы киім) және жеке қорғаныш құралдарын (костюмдерді, қолғаптарды, бас киімді, противогазды немесе респираторларды) пайдалана отырып жүргізіледі. Үй-жайларды өңдеу кезінде оператор әрбір 40 минут сайын 10-15 минутқа таза ауаға немесе өңделіп жатқан аймақтан тыс шығуға тиіс. Осы үй-жайларға бөтен адамдарға кіруге, өз киімдерін, тамақ өнімдерін сақтауға, тамақ ішуге, темекі тартуға болмайды.

137. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарын өндірумен айналысатын немесе дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтерін көрсететін жеке және заңды тұлғалардың басшылары:

1) дезинфекциялық қызметті жүзеге асыру процесінде өзіндік және қоғамдық қауіпсіздік шараларының сақталуын;

2) өндірістік бақылауды соның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтарды өткізу арқылы жүзеге асыруды;

3) халыққа, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне халықтың денсаулығына қауіп төндіретін апаттық жағдайлар немесе технологиялық процестердің бұзылуы туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

138. Персоналға арналған үй-жай себезгімен және санитариялық тораппен, арнайы және өз киімдерін бөлек сақтауға арналған шкафтармен жабдықталады, алғашқы медициналық жәрдем қобдишасымен және жеке қорғаныш әрі жеке бас гигиенасы құралдарымен жарақталады.

139. Дезқұралдарды сақтауға және беруге арналған зертхана мен үй-жайлар ішке сору-сыртқа шығару желдеткішімен қамтамасыз етіледі.

140. Арнайы киімді жуу, залалсыздандыру арнайы жабдықталған үй-жайда жүргізіледі, үйде және жұмыс орындарында жууға жол берілмейді.

141. Объектілерде дезинфекциялық, дезинсекциялық, дератизациялық іс-шаралар объекті әкімшісінің (тапсырыс берушінің) өкілі болғанда жүргізіледі. Өңдеуге жататын үй-жайдағы адамдарды іс-шаралардың жүргізілуі және тиісті сақтандыру шаралары туралы алдын ала хабардар ету қажет. Өңдеу жүргізілетін жерлерде өңдеуге қатысы жоқ адамдардың, сондай-ақ үй жануаларының болуына рұқсат етілмейді.

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 1-қосымша

Дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарының қауіптілігін сыныптау

1. Дезинфекция құралдарының қауіптілігін сыныптау

1-кесте

Қауіптілік сыныбы	Уыттың қатты әсер ету аймағы: қатты әсер ету деңгейінің шығын нормасына қатынасы	Қолданылуға ұсынылатын шарттар

1-сынып - өте қауіпті	1-ден кем	Экстремалды жағдайларда (эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша) арнайы костюмдерде және газқағарларда пайдаланылады
2-сынып – қауіптілігі жоғары	1-3	Тыныс алу органдарын, көзді, теріні қорғайтын құралдармен адамдар болмаған кезде пайдаланылады
3-сынып - қауіптілігі орташа	3, 1-10	Тыныс алу органдарын және көзді қорғайтын құралдарсыз, бірақ адамдар болмаған кезде пайдаланылады
4-сынып - қауіптілігі аз	10-нан артық	Қолдану аясын шектемей пайдаланылады

2. Дезинсекция құралдарының қауіптілігін сыныптау

2-кесте

Қауіптілік сыныбы	Биоцидті әсер ету аймағы		Дезинфекциялауда препараттарды қолдану мүмкіндігі және саласы туралы қорытынды
	күшті	күштілігі аз	
	шығын нормасы	шығын нормасы	
1-сынып - өте қауіпті	< 10	< 1	Пайдалануға ұсынылмайды
2-сынып - қауіптілігі жоғары	10-30	1-5	Регламенттелген қолдану шарттарын (құрал шығыны, желдету және ылғалды жинау) сақтай отырып, адамдар болмаған кезде тыныс алу органдарын, көзді, теріні қорғайтын құралдары бар кәсіби контингенттің ғана қолдануы үшін ұсынылады.
3-сынып - қауіптілігі орташа	31-100	5,1-10	Кез келген типтегі үй-жайларда регламенттелген қолдану шарттарын (құрал шығыны, желдету режимі, жинау) сақтай отырып, кәсіби контингент пен тұрғындардың тұрмыста пайдалануы үшін ұсынылады.
4-сынып - қауіптілігі аз	> 100	> 10	Қолдану аясын шектемей пайдаланылады

3. Родентицидтердің қауіптілігін сыныптау

Лимиттеуші қабілеттері	Көрсеткіштері	Қауіптілік сыныптары				
		1-сынып – өте қауіпті		2-сынып – қауіптілігі жоғары	3-сынып – қауіптілігі орташа	4-сынып – қауіпті-лігі аз
		"А"	"Б"			
Күшті уыттылық ықтимал қауіпті жолдарға арналған)	ЛД50 асқазанға енгізген кезде, мг/кг	<2	2,1-14	15-150	151-5000	>5000
	TL50. d cep	<1	>1	>1	>1	>1
	Антидот	-	+	+	+	+
	ЛД50 теріге енгізген кезде, мг/кг	<100		100-500	501-2500	>2500
	ЛС50 ингаляция кезінде, мг/кг	<500		500-5000	5001-50000	>50000
	С20 (ауаға ұшып кету дәрежесі бойынша) фумиганттар үшін	Өлім-жітім мүмкіндігі бар қатты улану		Қатты әсер ету шегінен жоғары улану	Қатты әсер ету шегінің деңгейіндегі улану	Уланудың болмауы
Таңдамалы уыттылық (ТУ)	ЛД50 жануарлардың мақсатты емес түріне арналған (мысық, ит, шошқа, тауық) ЛД50 жануарлардың арнайы түріне (кеміргіштер)	<3		3,1-2	9,1-37	>27
Кумулятивті әсер	ЛД50n Ккум= ЛД501	<1		1-3	3,5-5	>5
Тұрақтылық (топырақ)	Уытты емес компоненттерге ыдырау уақыты (T1/2), ай	>12		6-12	1-6,1	<1

Ескертпе:

(+) – антидоттың болуы, (-) – антидоттың болмауы;

ЛД50 – орташа өлім-жітім дозасы;

TL50 – жануарлардың 50 %-ы өлген уақыт ішіндегі эксперименттік әсер ету сәтінен бастап өткен уақыт;

С20 – 20 Цельсий градус температурасы кезінде ауадағы заттар буының шоғырлануы;

Ккум – кумуляция коэффициенті;

ЛД50n – жиынтық енгізу кезіндегі орташа өлім-жітім дозасы;

ЛД501 – бір рет енгізу кезіндегі орташа өлім-жітім дозасы;

T1/2 – ыдыраудың жартылай кезеңі.

Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 2-қосымша

Жекелеген объектілерді зарарсыздандыру кезіндегі дезинфекциялық ерітінділердің шығынын жоспарлау нормалары

№ 1-кесте

Зарарсыздандыру объектісі	Өлшем бірлігі	Дезинфекциялық құралдың орташа саны	Ескертпе
Тұрғын үй-жайлардағы беткейлік	1 м2	Препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға) сәйкес	Күйдіргі ошағында екі рет өндеуді есепке ала отырып, нормасы 2 литр
Киім-кешек	1 кг	Жұмыс ерітіндісінің 4 - 5 литрі	
Ыдыс-аяқ және өзгелер	1 жиынтық	Жұмыс ерітіндісінің 2 - 3 литрі	
Топырақ беті, қалдықтар	1 м2	Жұмыс ерітіндісінің 2 литрі	Күйдіргі кезінде 8 - 10 литр
Бөлінділер	1 кг немесе л	Препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға) сәйкес	Күйдіргі кезінде 0,5 литр
Тамақ қалдықтары	1 кг	0,1 кг	

Ескертпе: Ыдыс-аяқ жиынтығына мыналар кіреді: 2 тәрелке, стақан және табақшасы бар шыны аяқ, 2 қасық, шанышқы және пышақ.

№2-кесте

Объекті	Негізгі зарарсыздандыру объектілеріне арналған жұмыстың орташа көлемі			
	Үй-жай м2-мен	Киім-кешек килограммен (бұдан әрі – кг)	Ыдыс-аяқ жиынтығымен	Төсек-орын жабдығы кг-мен
Үй ошағы	200	5	3	30
Ұйымдастырылған ұжым (білім беру)	450	50		100

1. Ошақтарда дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдардың шығынын жоспарлау үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X = Q \times (X1 + X2 + X3 + X4 + X5), \text{ мұнда}$$

X – дезинфекциялық құралдарға жылдық қажеттілік (килограммен немесе литрмен);

Q – дезинфекция саны (соңғы екі жылда орындалған дезинфекциялардың орташа саны);

X1 – беттерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

X2 – киім-кешектерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

X3 – бөлінділерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

X4 – тамақ қалдықтарына дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

X5 – ыдыс-аяқтарға дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

1) беттерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілікті есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X1 = 0,01 \times ((N1 \times K \times (S1 + S2 + S3)), \text{ мұнда}$$

N1 – бір шаршы метрге дезинфекциялық құрал шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

K1 – препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес препарат бойынша дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (%);

S1 – дезинфекциялануға тиісті үй-жайдың ауданы (шаршы метрмен);

S2 – дезинфекциялануға тиісті жабдықтың ауданы (шаршы метрмен);

S3 – дезинфекциялануға тиісті басқа да объектілердің ауданы (шаршы метрмен);

2) киім-кешектерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдардың шығынын есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X2 = 0,01 \times N2 \times K2 \times B, \text{ мұнда}$$

N2 – киім-кешектің бір килограмна дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

К2 – препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес препарат бойынша дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (%);

В – дезинфекциялануға тиісті киім-кешектің көлемі (килограммен);

3) бөлінділерге дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдардың шығынын есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X3 = 0,01 \times N3 \times K3 \times V, \text{ мұнда}$$

N3 – бөлінділердің бір килограммына немесе литріне дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

К3 – препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес препарат бойынша дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (%);

V – дезинфекциялануға тиісті бөлінділердің көлемі (килограммен немесе литрмен);

4) тамақ қалдықтарына дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдардың шығынын есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X4 = 0,01 \times N4 \times K4 \times O, \text{ мұнда}$$

N4 – тамақ қалдықтарының бір килограммына немесе литріне дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

К4 – препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес препарат бойынша дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (%);

O – дезинфекциялануға тиісті тамақ қалдықтарының көлемі (килограммен немесе литрмен);

5) ыдыс-аяқтарға дезинфекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдардың шығынын есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$$X5 = 0,01 \times N5 \times K5 \times P, \text{ мұнда}$$

N5 – ыдыс-аяқтың бір жиынтығына дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

К5 – препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес препарат бойынша дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (%);

P – дезинфекциялануға тиісті ыдыс-аяқ жиынтықтарының саны (жиынтықтар).

2. Дезинсекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілікті есептеу үшін мына формула пайдаланылады:

$X_6 = N_6 \times S_6$, мұнда

X_6 – дезинсекция жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

N_6 – бір шаршы метрге дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

S_6 – дезинсекциялануға тиісті аудан (шаршы метрмен).

3. Дератизация жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілікті есептеу үшін мына формуланы пайдаланады:

$X_7 = N_7 \times S_7$, мұнда

X_7 – дератизация жүргізу үшін дезинфекциялық құралдарға қажеттілік;

N_7 – бір шаршы метрге дезинфекциялық құралдар шығынының нормасы (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға, ұсынымдарға) сәйкес);

S_7 – дератизациялауға тиісті аудан (шаршы метрмен).

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
3-қосымша

Денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялау құралдарына қажеттілігін есептеу

1. Үй-жайларға, жабдықтарға ағымдық дезинфекция жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялық құралдарына қажеттілігін есептеудің мынадай формуласы пайдаланылады:

$NK X_1 = Q \text{ ----- } (S_1 + S_2 + S_3)$, мұндағы 100

X_1 – ұйымдардың дезинфекциялық құралдарға жылдық қажеттілігі (килограмммен немесе литрмен);

Q – дезинфекция саны (жұмыс күндерінің санына және дезинфекция жүргізу жиілігіне негізделі отырып);

N – дезинфекциялық құралдың жұмсалу нормасы (бір литрге бір шаршы метр);

K – дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы (пайызбен);

S_1 – дезинфекциялануға тиісті үй-жайдың ауданы (шаршы метрмен);

S_2 – дезинфекциялануға тиісті жабдықтың ауданы (санитариялық-техникалық жабдықтардың әр бірлігінің ауданы бір шаршы метрге, ванналар – үш шаршы метрге қабылданады);

S_3 – дезинфекциялануға тиісті басқа да объектілердің ауданы (шаршы метрмен).

2. Емшара бөлмесінде, таңып-байлау бөлмесінде, операциялық, босандыру залдарында қорытынды дезинфекция жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарының дезинфекциялық құралдарға қажеттілігін есептеудің мынадай формуласы қолданылады:

$$NK X2 = 52 \text{ ----- } S4, \text{ мұндағы } 100$$

X2 – күрделі жинау жүргізу үшін ұйымдардың дезинфекциялық құралдарға жылдық қажеттілігі;

52 – күрделі жинау саны (аптасына бір рет есебімен);

N – бір шаршы метрге дезинфекциялық құралдың жұмсалыу нормасы;

K – дезинфекциялық ерітіндінің шоғырлануы;

S4 – ауқымды жиналуға тиісті оралымды аудан.

3. Денсаулық сақтау ұйымдарын дезинфекциялау-стерильдеу жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін мынадай қажеттілік есебі қолданылады:

1) дезинфекциялау-стерильдеу жабдықтарына (автоклавтар, механикалық және ультрадыбысты жуғыштар, бикстер) қажеттіліктер стерильденуге тиісті жұмсақ материалдың (таңып байлау), хирургиялық киім-кешектің, жаялықтардың, медициналық құрал-саймандардың, тиісті стерильдеу режимі бар бұйымдардың көлеміне қарай айқындалады;

2) бикстер мен автоклавтар, стерилизаторлар көлемінің үштен екісіне толтырылуы тиіс. Бикстерге біркелкі материал салынады.

3) автоклавтарға материалдарды (бикстерді) салу жиілігі тәулігіне 5 (бестен) аспауы, құрғақ қыздыратын шкафтарда 8 (сегізден) аспауы тиіс;

4) жабдықтар саны ауысымына салу жиілігіне салу көлемін көбейтуге байланысты айқындалады;

5) стерильдеу қораптарының саны 1-типтегі стерилизаторлар үшін ауысымына 20 бикстен артық емес, 2-типтегі стерилизаторлар үшін 5-8 бикске бір рет салған кезде ауысымына 40 бикстен артық емес, 3-типтегі стерилизаторлар үшін ауысымына 25 бикс, 4-типтегі стерилизаторлар үшін ауысымына 65 бикс болып айқындалады.

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 4-қосымша

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды дезинфекциялау

Дезинфекция режимі			

Дезинфекциялау әдісі	Температура, Цельсий градуспен (бұдан әрі - 0С)	Шоғырлану, пайызбен (бұдан әрі - %)	Дезинфекциялау уақыты, минутпен	Қолданылуы	Дезинфекциялау шарттары
Қайнату: дистильденген суда; Дистильденген сумен қоса екі көмір қышқылды натрий (ас содасы)	98	2,0	30 15	Шыныдан, металдан, термиялық тұрақты полимерлі материалдардан, резеңкеден жасалған бұйымдар үшін	Суға толық батыру
Булау: булау стерилизаторын да немесе дезинфекциялау камерасында жүргізіледі	110		20	Шыныдан, металдан, резеңкеден, латекстен, термиялық тұрақты полимерлерден жасалған бұйымдар үшін	Стерильдеу қораптарына салынады
Ауамен: құрғақ ыстық ауамен ауа стерилизаторын да жүргізіледі	120		45	Шыныдан және металдан жасалған бұйымдар үшін	Науаларда орамасыз жүргізіледі
Химиялық: шыны, пластмасса немесе эмальды ыдыста жүргізіледі	Препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға) сәйкес			Шыныдан, тоттануға төзімді материалдан, полимерлі материалдардан, резеңкеден жасалған бұйымдар үшін	Ерітіндіге толық батыру

Ескертпе:

химиялық тәсілмен дезинфекциялаудан кейін бұйымдар дезинфекциялық құралдың иісі толық кеткенге дейін ағынды сумен жуылады;

қайнату және булау әдісімен дезинфекциялау кезінде полимерлі материалдардан жасалған бұйымдар дәкеге оралады.

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
5-қосымша

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеу алдында өңдеу

№ 1 кесте

Өңдеу жүргізу кезіндегі процестер	Ерітіндінің бастапқы температурасы 0С	Ұстау уақыты, минутпен
1. Дезинфекциялау аяқталған соң ММБ ағынды сумен шайылады		0,5
2. одан кейін: жуу заты ерітінділерінің біріне толық батырылған кезде малынады	20 – 50	15
3. Жөкенің немесе мақталы-дәке тампонының көмегімен әр бұйымды жуу ерітіндісімен жуу		0,5
4. Ағынды сумен шаю		10,0
5. Тазартылған сумен шаю		0,5
6. Кептіру шкафында ыстық ауамен кептіру	85	Ылғал толық кеткенге дейін

№ 2 кесте

Жуу ерітіндісін дайындау	Дайындауға арналған компоненттер саны	Қолданылуы
1. Жуу заты Ауыз су	3 грамм (бұдан әрі – гр) 1 литрге дейін	Механикаландырылған тазалау кезінде (ағынды әдіс, жөкемен жуу, ультрадыбысты пайдалану) қолданылады
2. Жуу заты Ауыз су	1,5 гр 1 литрге дейін	Механикаландырылған тазалау кезінде ротациялау әдісімен қолданылады
3. Жуу заты Ауыз су	5 гр 1 литрге дейін	Қолмен тазалау кезінде қолданылады
4. Сутегі тотығы ерітіндісі 27,5%. Жуу заты Ауыз су	17 гр 5 гр 1 литрге дейін	Механикаландырылған тазалау кезінде (ағынды әдіс, жөкемен жуу, ультрадыбысты пайдалану) және қолмен тазалау кезінде қолданылады
5. Жуу заты 0,8%. Ауыз су Жуу заты 1,6 % Ауыз су	8 миллилитр (бұдан әрі – мл) концентрат 1 литрге дейін 16 мл концентрат 1 литрге дейін	Қолмен тазалау кезінде қолданылады

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына б-қосымша

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеу әдістері

1. Химиялық стерильдеу әдісі (химиялық препараттардың ерітінділері)

№ 1-кесте

Стерильдеу агенті	Стерильдеу режимі (температура, ұстау уақыты)	Бұйымдардың атауы	Стерильдеу жүргізу шарттары
Дезқұралдың ерітіндісі	Препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқауларға) сәйкес	Полимерлі материалдардан, резеңкеден, шынылардан, тоттануға төзімді металдардан жасалған бұйымдар үшін ұсынылады	Бұйымды ерітіндіге толық батырған кезде жүргізіледі, содан кейін бұйым стерильді сумен жуылады. Стерильденген жаймалар төселген стерильді ыдыстағы стерильденген бұйымды сақтау мерзімі – 3 тәулік.

Ескертпе:

1. Стерильдеу процесінде ерітінділердің температурасы ұсталмайды.
2. Дезинфекциялау ерітіндісіне бұйымдарды батыру үшін шыныдан, пластмассадан жасалған немесе эмальмен қапталған ыдыстар пайдаланылуы тиіс.

2. Бумен стерильдеу әдісі (жоғары қысымдағы қаныққан сулы бу)

№ 2-кесте

Стерильдеу режимі			Қолданылуы
Стерильдеу камерасындағы будың қысымы, кг/см ²	Стерильдеу камерасындағы температура, 0С	Ұстау уақыты, минутпен	
Номинальды мәні	Номинальды мәні	Қолмен, жартылай автоматты және автоматты басқару кезінде	Тоттануға төзімді металдардан, шыныдан, резеңкеден жасалған бұйымдар үшін ұсынылады
0,20 шекті ауытқу 0,02 (2,0 ауытқу плюс-минус 0,2)	132 плюс-минус 2	20	
0,11 шекті ауытқу 0,02 (1,1 ауытқу – плюс-минус 0,2)	120 плюс-минус 2	45	

Ескертпе:

1. Стерильдеуді сүзгісіз стерильдеу қораптарында немесе сүзгісі бар стерильдеу қораптарында немесе бөзден не пергаменттен, қаптама қағаздан,

ылғалға төзімді сіндірілмеген қаптама қағаздан, Е маркалы автоматтардағы өнімдерді орауға арналған қағаздан, булау стерилизаторында бекемделген қағаздан жасалған екі қабатты жұмсақ орамада жүргізеді.

2. Сүзгісі бар қораптарда стерильденген бұйымдарды сақтау мерзімі – жиырма тәулік (ашылмаған қорапта), қалған орамада – үш тәулік (ашылмаған орамада).

3. Ауамен стерильдеу әдісі (құрғақ ыстық ауа)

№ 3 кесте

Стерильдеу режимі		Қолданылуы
Стерильдеу камерасындағы жұмыс температурасы, 0С, номинальды мәні	Стерильдеуде ұстау уақыты, минутпен, номинальды мәні	
180 (плюс 2; минус 10)	60 (плюс 5)	Металлдардан, шыныдан және силикон резеңкеден жасалған бұйымдар үшін ұсынылады
160 (плюс 2; минус 10)	150	

Ескертпе:

1. Стерильдеуге құрғақ бұйымдар жатады. Стерильдеуді сіндірілмеген қаптама қағаздан, ылғалға төзімді қаптама қағаздан, Е маркалы автоматтардағы өнімдерді орауға арналған қағаздан, аса берік орама қағаздан, бекемделген қағаздан, бекемделген екі қабатты қағаздан жасалған орамада немесе ауа стерилизаторында ашық ыдыста орамасыз жүргізеді.

2. Орамасыз стерильденген бұйымдар стерильдеуден кейін тікелей, оралған түрінде үш тәулік ішінде пайдаланылады.

Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 7-қосымша

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеу сапасын бақылау

p/c №	Бақылау бағыты	Бақылау түрлері	
		Ұйымның персоналы жүзеге асыратын өзін-өзі бақылау	Халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жүзеге асыратын
		Әр цикльді көзбен шолу және Қазақстан	Бактериологиялық тесттерді, температураны өлшеу құралдарын пайдалана отырып және көзбен шолып әр тексеру

1	Стерильдеу шарттарын: стерилизаторлардың жұмысы, режимі, орау мен салу	Республикасында бекітілген тестілерді пайдалана отырып бақылау, бақылау-өлшеу құрал-саймандарының (бұдан әрі – БӨА) жарамдылығын қадағалау	кезінде стерилизатордың жұмысына бақылау жүргізу. Бір жылдың ішінде, сондай-ақ эталонды салу арқылы монтаждаудан және жөндеуден кейінгі көрсет-кіштер бойынша барлық аппараттардың кемінде 25%-ы бақылауға жатады.
2	ММБ стерильділігін	Бактериологиялық – нормалау құжаттарына сәйкес	Бактериологиялық – әр тексеру кезінде
3	Орталықтандырылған стерилизациялық бөлімшелерде ауа ортасын	Күн сайын – желдетуді, желдету жүйелерінің, ауа баптағыштардың, бактерицидті шамдардың жұмысын бақылау. Ауа сынамаларын алу - нормалау құжаттарына сәйкес	Бактериологиялық - стерильді аймақта әр тексеру кезінде
4	Жасырын қанның және сілтілі компоненттер қалдығының болуын бақылау (азопирамдық және фенолфталеиндік сынамалар)	Күн сайын бір уақытта өңделген бұйымдардың 1 %-ын, бірақ әр партиядан кемінде 3-5 бірлікті	Көзбен шолып бақылауды қолдана отырып, әр тексеру кезінде

Ескертпе: орталық стерилизациялық бөлімшенің санитариялық жағдайын бақылау кезінде әр тексеру кезінде стерильді аймақта кемінде 10 бактериологиялық шайынды алу жүргізіледі. Алынған шайындылардың жалпы санының 1 %-нан асырмай санитариялық-көрсеткіштік микрофлораны себуге жол беріледі.

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 8-қосымша

Булау және ауа стерилизаторларының жұмыс режимінің температуралық параметрлерін бақылауға арналған бақылау нүктелерін орналастыру және химиялық тестілердің рецептурасы

1. Булау стерилизаторларына бақылау нүктелерін орналастыру

№ 1 кесте

--	--	--

Стерилизатор камерасының сыйымдылығы, текше дециметрмен	Бақылау нүктелерінің саны	Бақылау нүктелерінің орналасуы
100-ге дейін	5	Тік бұрышты стерилизаторлар үшін: біріншісі – жүк тиейтін есіктің жанында; екіншісі – карама-қарсы қабырғаның (жүк түсіретін есіктің) жанында; үшіншісі, төртіншісі, бесіншісі – ортада.
100-ден жоғары 750-ге дейінгіні қоса алғанда	11	Тік шеңберлі стерилизаторлар үшін: біріншісі – камераның жоғары бөлігінде; екіншісі – камераның төменгі бөлігінде; үшіншіден он біріншіге дейін – ортада.
750-ден жоғары	13	Көлденең шеңберлі стерилизаторлар үшін: біріншісі – жүк тиейтін есіктің жанында; екіншісі – карама-қарсы қабырғаның (жүк түсіретін есіктің) жанында; үшіншіден он үшіншіге дейін – стерилизациялық қораптарының ортасында немесе әр түрлі деңгейлерде орналастырылған стерильденетін орамалардың ішінде.

2. Ауа стерилизаторларында бақылау нүктелерін орналастыру

№ 2 кесте

Стерилизатор камерасының сыйымдылығы, текше дециметрмен	Бақылау нүктелерінің саны	Бақылау нүктелерінің орналасуы
80-ге дейін	5	біріншісі – камераның ортасында; екіншісі, үшіншісі – камераның төменгі бөлігінде есіктің оң және сол жағында; төртіншісі, бесіншісі – камераның төменгі бөлігінде артқы қабырғасының оң және сол жағында
		біріншісі, екіншісі, үшіншісі – сағат тіліне карама-қарсы орналастырып, камераның

80-нен жоғары	15	ортасында жоғарыдан төмен үш деңгейде; төртіншіден он бесіншіге дейін – үш деңгейде бұрыштар бойынша (төртіншіден жетіншіге дейін – төменде; сегізіншіден он біріншіге дейін – ортасында; он екіншіден он бесіншіге дейін - жоғарыда)
80-нен жоғары екі камералы	30	Әрбір камера үшін ұқсас үлгімен

Ескертпе: Бақылау тестілері стерилизатор қабырғаларынан кемінде бес сантиметр қашықтықта орналастырылады.

"Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 9-қосымша

Эндоскоптар мен олардың құрал-саймандарын өңдеу циклының талаптары

Эндоскоптар пайдалану процесінде шырышты қабықтармен байланысады және стерильді органдар, тіндер мен ағза қуыстарына енеді. Тағайындауы бойынша олар эндоскопиялық араласулар жүргізу үшін стерильді емес және стерильді эндоскоптар болып бөлінеді.

Стерильді емес эндоскопиялық манипуляциялар кезінде пайдаланылатын эндоскоптар (меншікті микробтық пейзажи бар ағза қуысы арқылы эндоскопты енгізу) және олардың керек-жарақтары (клапандар, бітеуіштер, қалпақтар), пайдаланылғаннан кейін тікелей дәйекті:

- алдын ала тазалауға;
- қорытынды тазартуға (дезинфекциялаумен үйлескен қорытынды тазарту);
- жоғары деңгейдегі дезинфекциялауға;
- микроорганизмдермен қайталама контаминацию болдырмайтын жағдайларда сақтауға жатады.

Эндоскопиялық жабдықтар және стерильді эндоскопиялық араласулар үшін эндоскоптар, оларға арналған стерильді және стерильді емес араласуларда барлық құрал-саймандардың түрлері, тікелей пайдаланғаннан кейін дәйекті:

- алдын ала тазалауға;
- дезинфекциялаумен біріккен стерильдеу алдындағы тазалауға;
- стерилизациялауға;
- микроорганизмдермен қайта контаминацию болдырмайтын жағдайларда сақтауға жатады.

Эндоскоп әр пайдаланудан кейін оның барлық кезеңдерінде өңдеу толық көлемде жүргізіледі. Оларды қолданған кезде эндоскопиялық араласуы немесе жоқтығына қарамастан эндоскоптың барлық каналдары өңдеуге ұшырайды.

Герметикалығы бұзылған кезде, өндірістік ақаулар, жағымсыз тазарту және/немесе тиімсіз жоғары деңгейдегі дезинфекция, арналарын жеткіліксіз кептіру кезінде эндоскоп инфекция қоздырушысының таратушы факторы бола алады. Эндоскопта биопленканың түзілуімен микроорганизмдердің көбеюіне және жинақталуына қалдық органикалық ластанулар (сапасыз тазарту кезінде) және дымқыл күйде сақтау ықпал етуі мүмкін. Биопленкалардың ішіндегі микроорганизмдер дезинфекциялау құралдарының қолдану әсерінен қорғалған.

Барлық пациенттер инфекция қоздырғыштарының әлеуетті көздері ретінде қарастырылады, осыған байланысты барлық эндоскоптар мен олардың керек-жарақтары пайдаланғаннан кейін бірыңғай стандарт бойынша өңделеді.

Әрбір эндоскопқа жеке код беріледі, ол оның моделі мен сериялық нөмірі туралы мәліметтерден тұрады. Код бөлімде, бөлімшеде, эндоскопия кабинетінде орындалатын зерттеулерді тіркеу журналында ерекше белгілер бағанасында және эндоскопиялық зерттеулер хаттамасында көрсетіледі.

Эндоскоп және олардың керек-жарақтарын өңдеуді орындайтын медицина қызметкері жеке қорғаныш құралдарын киеді, олар мыналарды қамтиды: химиялық төзімді материалдан жасалған бір рет қолданылатын қолғап; қорғаныш көзілдірік, бетперде немесе бетке арналған қорғаныс экраны; халат немесе жамылғы (ұзын жеңді, ылғал өтпейтін) немесе бір рет қолданылатын су өткізбейтін жеңі бар (жеңқап) алжапқыш.

Эндоскоптарды және оның арналық құралдарын өңдеу кезінде микробты аэрозольдің түзілуі мен тозаңдануының алдын алу үшін қолмен тазалау процедуралары бұйымдар ерітіндіге толық батырылғанда, оның ішінде сұйықтық қысымы ең аз жеткілікті деңгейде қойылған жуғыш пистолеттерді қолданғанда жүргізіледі. Стерильді емес араласулар үшін эндоскоптардың арналарын кептіру қорытынды тазарту жүргізуден кейін ауаны аспирациялау немесе арналардың шығу орнын майлықпен жабылғаннан кейін ауамен үрлеу әдісімен жүргізіледі.

Персоналға жұқтыру тәуекелін азайту және стерильді емес араласулар үшін иілгіш эндоскоптардың өңдеу сенімділігін қамтамасыз ету үшін жуғыш-дезинфекциялық машиналарды пайдалана отырып, механикаландырылған тәсіл қолданылады. Эндоскоптардың үлкен айналымында (бір мезгілде үш және одан да көп эндоскоптардың бір түрін өңдеуден өткізу) механикаландырылған тәсілмен өңдеу міндетті болып табылады.

Құрал-саймандардан жарақаттанудың алдын алу үшін үшкір-кесетін беттері бар эндоскоптарға перфорирленген төсемелері бар контейнерлерді, жуғыш-дезинфекциялық машиналарын және ультрадыбыстық тазалағыштарды

пайдалана отырып, персоналдың өңделмеген құралдармен байланысын азайту қажет.

Браншейбиопскопиялық қысқыштан патологиялық материалды алу үшін инъекциялық инелерді пайдалануға жол берілмейді

Стерильді емес эндоскопиялық араласуларды жүргізу үшін көп рет қолданылатын бұйымдар болып табылатын эндоскоптар, бір және/немесе бірнеше рет пайдаланылатын құралдар, қосымша эндоскопиялық құрал-жабдықтар (жарық бергіш, инсуфлятор, эндобейне жүйесі, монитор, аспиратор-ирригатор және басқалар) пайдаланылады.

Стерильді емес эндоскопиялық араласуларды жүргізу үшін эндоскоптар әрбір пайдаланғаннан кейін дәйекті өңдеу процестеріне ұшырайды: алдын-ала тазалау (ААТ), өзіндік қорытынды тазарту (бұдан әрі – ТТ) немесе дезинфекциялаумен үйлескен (бұдан әрі – ТТ+Д), жоғары деңгейдегі дезинфекциялау (бұдан әрі – ЖДД).

Эндоскоптың сыртқы беттерін алдын ала тазалау жуу құралының ерітінділерінде батырылған сулықтармен немесе бір рет пайдаланылатын губкамен сүрту тәсілімен жүргізіледі. Арналар жуу құралының ерітіндісімен және/немесе сумен жуылады.

Қорытынды тазарту келесі ЖДД тиімділігі байланысты болатын эндоскопты өңдеудің маңызды сатысы болып табылады. Ол өзіндік процесс ретінде немесе дезинфекциялауды үйлесе отырып жүргізіледі, бұл осы мақсаттарда қолданылатын құралдар (жуу немесе жуу-дезинфекциялық) үшін анықталады.

Ферменттер және/немесе беттік-белсенді заттар негізіндегі (бұдан әрі – ББЗ) жуғыш құралдарда микробқа қарсы компоненттер болмайды, сондықтан олардың ерітінділері эндоскоптарды қорытынды тазарту мақсаты үшін қатаң бір рет қолданылады.

Шағын көбік түзетін дезинфекциялау құралдары пайдаланылатын концентрацияда тіркейтін қасиеттерге ие емес, ластанудың бірінші визуалды белгілері пайда болғанша дейін дезинфекциялаумен қоса тазалау үшін қолдануға болады, бірақ бір жұмыс ауысымы кезінде, бұл кезде эндоскопта қиылысты контаминацияның алдын алу үшін асқазан-ішек жолдарының (бұдан әрі - АІЖ) жоғарғы, төменгі бөлімдерін зерттеуге арналған эндоскоптар тыныс алу жолдарынан бөлек өңделеді.

Жуу (жуу-дезинфекциялау) ерітіндісін ағызғаннан кейін жуу ваннасы вирустардың, микобактериялардың және Candida түріндегі грибоктардың режимі бойынша тиімді дезинфекциялау құралымен сүрту тәсілімен тазартылады және дезинфекцияланады және кез-келген үлгідегі эндоскоптарды (гастроскоп, колоноскоп, бронхоскоп және басқалары) өңдеу үшін қайта қолданылуы мүмкін.

Жоғары деңгейдегі дезинфекциялау қолмен (ерітіндіге толық батырылған кезде) немесе механикаландырылған тәсілдермен орындалады. Эндоскоптарды жоғары деңгейдегі дезинфекциялауды сүрту тәсілімен жүргізуге жол берілмейді.

Өңдеудің қорытынды кезеңінде қатты және иілгіш бронхоскоптарды зарарсыздандырудың жол берілетін деңгейі жоғары деңгейдегі дезинфекция болып табылады, сонымен қатар, медициналық ұйымда қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда стерилизация өткізілуі мүмкін. Асқазан-ішек жолдарын (ректоскоптар), ЛОР-органдарын (риноскоптар, ларингоскоптар, отоскоптар және басқалары) зерттеуге арналған қатты эндоскоптар өңдеудің қорытынды кезеңінде сондай-ақ ЖДД-ға немесе стерилизациялауға (әдетте, өндірушілердің ұсынымдарына сәйкес қаныққан бу қысымымен) ұшырауы мүмкін.

Эндоскоптардың құрал-саймандары эндоскопиялық араласу (стерильді, стерильді емес) түріне карамастан стерильді болады. Олар пайдаланылғаннан кейін, дәйекті алдын ала тазартуға, дезинфекциялаумен үйлескен стерильдеу алдында тазартуға, стерилизацияға ұшырайды.

Алдын ала тазарту эндоскопиялық манипуляциялық бөлмеде тіркеу қасиеттері жоқ жуу/жуу-дезинфекциялау құралының ертіндіге толық батыру тәсілімен жүргізіледі. Сулау кезеңі аяқталғаннан кейін ерітінді төгіледі, құралдар перфорирлі төсемде сумен (эндоскопиялық манипуляциялық бөлмеде құралдарға арналған жуу ванналары болған жағдайда) жуылады. Ерітіндіні ағызу және құралдары шаю үшін жағдай болмаған кезде оларды жабық контейнердегі ерітіндіде жуу-дезинфекциялық үй-жайына немесе орталықтандырылған стерильдеу бөлімшесіне (бұдан әрі – ОСБ) тасымалдауға рұқсат етіледі. Дезинфекциялаумен қоса стерильдеу алдындағы тазалау, қолданылатын концентрацияда тіркеу қасиеттері жоқ дезинфекциялау құралдарының ерітіндісінде жүргізіледі.

Бұйымдар дезинфекциялау, стерильдеу алдында тазарту және жақсы кептірілу жағдайында, эндоскоптарға құрал-саймандарды стерильдеу жүргізуді келесі ауысымға дейін кейінге қалдыруға жол беріледі.

Құралдарды, әдістерді және стерильдеу режимін таңдау құралдарды өндірушінің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады. Эндоскоптарға құрал-саймандарды механикаландырылған тәсілмен стерильдеу жақсырақ болып табылады, егер басқа да әдістер қол жетімді болмаса, химиялық құралдардың ерітінділерімен стерильдеуге рұқсат етіледі.

1. Стерильді емес араласулар үшін эндоскоптарды өңдеу стандарты

	Эндоскоптарды қолмен және механикаландырылған
--	---

Өткізу орны	(жуу-дезинфекциялау машинасында (бұдан әрі --ЖДМ) тәсілдермен өңдеудің жүргізу реті		
Эндоскопиялық манипуляциялық	Алдын ала тазалау Беттерді сүрту, арналарды жуу, тұтастығын сыртқы бақылау		
Жуу-дезинфекциялық үй-жай	Герметикалыққа тест		
	Қорытынды тазарту немесе қол тәсілімен дезинфекциялау үйлескен қорытынды тазарту щеткаларды қолдана отырып, қол жетімді арналарда, клапандарда, клапандар ұяларында, элеватор және оның айналасында (бар болған жағдайда)		
	ЖДМ –да өңдеудің толық циклі	ЖДМ –да ЖДД жүргізу	ЖДД қол тәсілімен жүргізу
	ТТ жуғыш құралдардың ертіндісімен жуу Шаю ЖДД Шаю Кептіру 70% этил немесе изопропил спиртімен жуу Ауамен үрлеу	ЖДД Шаю Кептіру 70% этил немесе изопропил спиртімен жуу Ауамен үрлеу	ЖДД Шаю Кептіру 70% этил немесе изопропил спиртімен жуу Ауамен үрлеу

2. Стерильді емес араласуларға арналған эндоскоптарды қол тәсілімен өңдеу процестерін тиімді жүргізудің мазмұны мен шарттары

ААТ, ТТ/ТТ+Д, ЖДД процестері үшін кезеңдердің бірізділігі мен мазмұны	Өңдеу процестерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Өңдеу процесінің немесе белгілі бір кезеңнің тиімді орындау шарттары
1	2	3
1. Алдын ала тазалау Эндоскопты аспирациялық сорғыдан және жарық көзінен ажыратқанға дейін эндоскопиялық манипуляциялар жүргізіледі. Эндоскоп бетінің және оның арналарының кебуін болдырмау үшін, жаппай, оның ішінде көрінетін ластанудан кетіру үшін арналған		
Биопсиялық арнадан биологиялық сұйықтықтардың ағуын болдырмау үшін 10 сек ішінде биопсия-аспирация (бұдан әрі-БА) арналардың жүйесі арқылы ауаны аспирациядан өткізу.	Персоналды жеке қорғау құралдары (бұдан әрі-ЖҚК) Құрал-жабдықтар (жарық көзі және аспирациялық насос). Қосымша арналардың жуу түтіктері олар болған кезде. Кейбір өндірушілердің бейнеэндоскоптары үшін су өткізбейтін қақпақ. Кейбір өндірушілердің эндоскоптарында ауа/су беру каналын тазалау үшін	Қолданылған салфетканы дезқұралдарының ерітіндісіне немесе Б сынып қалдықтарына арналған контейнерге тастау. Губканы ТТ/ТТ+Д өткізу үшін қолдануға болады, содан кейін дезқұралдар ерітіндісіне немесе Б сынып қалдықтарына арналған контейнерге тастау.
Эндоскоптың жұмыс бөлігін басқару блогынан дистальды соңына дейін жуу құралдарының ерітінділерінде суланған таза бір реттік салфеткамен (губкамен) сүрту, иілетін бөлігін - айналдыратын қозғалыспен.		

<p>БА арналар жүйесін жуғыш ерітіндісімен жуу. Эндоскоптың дистальды соңын 150-200 мл жуу құралдарының ерітіндісіне салады .</p> <p>Ерітіндіні және ауаны кезек-кезек аспирациялау. Ауаны аспирациялау процессін аяқтау.</p>	<p>адаптер.</p> <p>Жуу ертіндісі мен су үшін сыйымдылығы 200 мл кем емес бір рет пайдаланылатын немесе өңделетін ыдыстар.</p> <p>Жуу құралдары мен дайындалған ерітінді.</p> <p>Бір рет пайдаланылатынтаза майлықтар немесе губкалар.</p>	<p>Аспирациялық банкалардың толып кетуіне жол бермеу.</p>
<p>БА арналар жүйесін сумен жуу керек, дистальды соңын 10 сек. ыдыстағы суға батырылады. Ауаны аспирациялау процедурасын аяқтау.</p>	<p>Дезинфекциялау үшін немесе медициналық қалдықтардың Б сыныбын жинау үшін контейнер.</p>	<p>Егер де алдын ала және қорытынды тазарту барысында олардың үйлесімділігінде мәселелерді болдырмау үшін әр түрлі құралдар пайдаланылса, кезең орындалады.</p>
<p>Өндірушінің нұсқаулығына сәйкес арналар және ауа мен су беру форсункаларын сумен жуу.</p>		<p>Ауа-су (бұдан әрі- АС) клапанын АС беретін арнаны тазалауға арналған адаптерге алдын ала ауыстыру қажет (егер өндірушінің нұсқаулығында белгіленген болса)</p>
<p>Өндірушінің нұсқаулығына сәйкес (олар болған жағдайда) қосымша арналарды сумен немесе жуу құралдарымен жуу.</p>		<p>Барлық арналар, тіпті егер олар алдыңғы зерттеуде пайдаланылмаса да, өңдеуге жатады</p>
<p>Эндоскопты жарық берушіден, бейнепроцессордан, аспирациялық сорғыдан ажырату, клапандарды алу.</p>		
<p>Эндоскоп коннекторына су өткізбейтін қақпақты (тығынды) қосу.</p>		<p>Процедура бейнеэндоскопты өңдеу кезінде орындалады.</p>
<p>Эндоскопты жуу үй-жайына көшіру.</p>		<p>Бөлімшенің дәліздері (медициналық ұйымның) бойынша жабық түрде лотокта тасымалдау.</p>
<p>Герметикалыққа тест</p> <p>Химиялық құралдармен байланыста болғанда күрделі зақымдануын болдырмау үшін оның ерітіндісіне батыруға дейін эндоскоптың су өткізбеушілігін (герметикалығын) растауға мүмкіндік береді.</p>		
<p>Ағын іздестірушісін қолдану</p>		
<p>Ағын іздестірушіні ауа беру құрылғысына қосу.</p>		<p>Ауаның ағын іздестірушісі арқылы түсуіне көз жеткізу.</p>
<p>Ағын іздестірушіні эндоскопқа қосу және аппаратта артық қысымды жасау үшін ауаны беру.</p> <p>Қол ағын іздестірушіні пайдалану кезінде грушаның көмегімен артық қысым манометрде көрсетілген ("кұрғақ тест") деңгейіне дейін құрылады.</p>	<p>Персоналдың жеке қорғану құралдары.</p> <p>Ауаны беру құрылғысы.</p> <p>Ағын іздестіруші (әр түрлі түрлері).</p>	<p>Эндоскопқа ауаның түсуін, сыртқы жабынның созылуы бойынша көреді.</p> <p>Эндоскоп өндірушісі ұсынылған</p>

<p>Эндоскоп өндірушісімен көрсетілген уақыт ішінде манометрдің көрсеткішін бақылау.</p>	<p>Жуу ваннасы. Ауыз су сапасындағы құбыр суы</p>	<p>мәндер шегінде құрылатын қысым деңгейі</p>
<p>Ауаның шығуын автоматтандырылған анықтаушысы бар тестерді пайдалану кезінде тестер өндірушінің нұсқаулығына сәйкес орындау қажет.</p>		
<p>Эндоскопты суға толық батыру. Басқару блогы бұрандаларының көмегімен барлық бағыттарда енгізілетін түтіктердің иілу бұрышын өзгерту. Өндірушімен көрсетілген (судың ағу тестісі) уақыт ішінде тиелген эндоскоп бетін бақылау. Дербес немесе "құрғақ тест" аяқталғаннан кейін екінші кезең ретінде жүргізіледі.</p>		<p>Эндоскоп герметикалығының бұзылуы туралы бірлі-жарым немесе ауа көпіршіктер жолдары түрінде пайда болуы куәландырады. Герметикалық бұзылу анықталған кезде, тестерді ажыратпай өндірушінің талаптарына сәйкес іс-әрекет жасаған жөн.</p>
<p>Эндоскопты ағын іздестірушімен судан алу, тестерге ауа беруді ажырату (қол ағын іздестірушіні пайдаланған кезде қысымды түсіру), бірнеше секундтардан кейін тестерді ауа беру құрылғысынан, ал содан кейін эндоскоптан ажырату.</p>		
<p>2. Қорытынды тазалау немесе дезинфекцияны қоса қорытынды тазалау Барынша мүмкін болғанынша барлық ластану түрлерін, соның ішінде эндоскоп бетін және арналарын дәрілік препараттардан және микроорганизмдерден жою мақсатында жүргізіледі.</p>		
<p>1- кезең. Эндоскоптың сыртқы беттері мен арналарының ТТ/ТТ+ Д</p>		
<p>Эндоскоп пен алмалы-салмалы бөлшектерді жуу ерітіндісіне немесе жуу-дезинфекциялау құралдарына толық батыру, барлық арналарын қосалқы құрылғылар арқылы шприц немесе помпаның көмегімен мәжбүрлеп толтыру. Қосалқы құрылғыларды ажыратып, оларды ерітіндіде калтыру.</p>	<p>Сыйымдылығы кемінде 10 л қақпағы бар жуу ваннасы. Қолдану нұсқаулығына сәйкес ТТ немесе ТТ + Д режимінде қолдану бойынша дайындалған жуу немесе жуу-дезинфекциялау-құралдарына н жұмыс ертіндісі.</p>	<p>Эндоскоп саңылауларынан ауа көпіршіктерінің бөлінуінің тоқтатылуы арналардың толық толуын көрсетеді.</p>
<p>Қолданылатын құралды қолдану жөніндегі нұсқаулықта</p>		<p>Құралдардың қолдану режимін қатаң сақтау: ерітіндінің</p>

көрсетілген уақыт ішінде ерітіндіде ұстау	Ауыз су сапасындағы құбыр суы	концентрациясын, ұстау уақытын, ерітіндінің температурасын.
Ерітіндіде ұстау аяқталғаннан кейін эндоскоптың сыртқы бетін таза сулықтармен немесе губкамен ластанудан тазарту.	Бір рет пайдаланылатын таза түкті емес майлықтар/ губкалар. Эндоскоп каналдарын өңдеуге арналған қосалқы құрылғылар.	Пайдаланылған салфеткаларды дезқұралдары бар ыдысқа немесе Б классындағы медициналық қалдықтарды жинауға арналған контейнерге тастау
Өндірушінің ұсыныстарына сәйкес. арнаны және ауа/су беру адаптерді , аспирациялық клапанды, биопсиялық клапанды, енгізілетін түтіктердің бүйір бөлігін, элеватор тетігін (дуоденоскопқа арналған) клапандар ұяларын, сондай-ақ барлық қол жетімді арналарды арнайы щеткамен тазарту. Арналарды өңдеуді, щеткада көрінетін ластану болғанша (3-тен кем емес өту жолдары) жалғастыру.	Сыйымдылығы 20-30 см ³ (20-30 мл) шприц немесе помпа. Таймер. Термометр. Бір рет немесе көп рет пайдаланылатын стерильді щеткалар. Көп рет пайдаланылатын щеткаларды дезинфекциямен үйлескен алдын ала тазартуға (бұдан әрі-ААТ+Д) биологиялық ластануды тіркеу қасиеттері жоқ дезқұралдар ерітіндісі бар контейнер.	Контаминирленген сұйықтықтың шашырауын болдырмауда барлық тазалау процедурасын жүргізу кезінде эндоскопты және алмалы-салмалы құралдарын ерітіндіге толық батыру. Ақаусыз щеткалар өңделетін арналардың диаметріне тиісті. Арнадан щетканың әрбір шығуынан кейін, оны ерітіндіде, тазарту қажет, көрінетін ластануды алып тастау.
Арналарды өңдеу үшін қосалқы құрылғыларды қосу, олар арқылы барлық арналарды ерітінді құралдарымен шприц/ помпаның көмегімен ластану қалдықтарын жою үшін жуу. Өндіруші нұсқаулығын қатаң сақтау.	Дезинфекциялауға немесе Б классындағы медициналық қалдықтарды жинауға арналған контейнер.	Эндоскопты ерітіндіге толық батырылған кезде осы процедураны жүргізу.
Арналардан ауаны қосалқы құрылғылар арқылы ерітінді құралын қысып шығару.		Эндоскопты ерітіндіге толық батырылған кезде осы процедураны жүргізу.
2- кезең. Эндоскопты жуу/жуу-дезинфекциялау құралдарының қалдықтарынан шаю Эндоскоптың бетінен және арналарынан ТТ немесе ТТ+Д пайдаланылған құралдардың қалдығын жою мақсатында жүгізіледі		
Эндоскопты ауыз су сапасындағы суға батыру. Душ саптамасы көмегімен эндоскоптың сыртқы бетін және оған керек-жарақтарды мұқият шаю.	Сыйымдылығы кемінде 10 литрлі жуу ваннасы, (бір рет қолданылатын жуу құралдарының ерітінділерін қолданғанда	Әр эндоскопты шаю үшін ауыз су сапасындағы құбыр суының жаңа порциясын пайдалану.
Қосалқы құрылғылар арқылы шприц немесе помпанының көмегімен арналарды сумен шаю.	қорытынды тазартудың барлық кезеңдерін бір ваннада жүргізуге рұқсат етіледі). Ауыз су сапасындағы құбыр суы. Эндоскоп арналарын өңдеуге арналған қосалқы құрылғылар. Сыйымдылығы 20-30 см ³ шприцтер немесе помпа.	Әрбір арнаны кемінде 90 мл сумен шприц көмегімен шаю немесе суды помпаның көмегімен кемінде 1 мин шайқау.

3- кезең. Эндоскопты шайғаннан кейін кептіру

ЖДД арналған құралдардың сумен араластыруын болдырмау үшін жүргізіледі.

<p>Эндоскоптың сыртқы бетін таза майлықтармен кептіру. Арналардан аққан суды үрлеу немесе қосалқы құрылғылар арқылы шприц немесе помпаның көмегімен ауаны аспирациялау арқылы жою.</p>	<p>Үстел/жұмыс беті немесе шаю жүргізілген жуу ваннасы. Таза жайма (жаялық). Таза сүлгілер. Қосалқы құрылғылар. Шприц/помпа</p>	<p>Микробтық аэрозольдар түзілуінің алдын алу үшін арналардың шығу жолдарын үрлеу кезде майлықпен жабу. Пайдаланылған салфеткаларды дезинфекциялауға арналған контейнерге немесе Б классындағы медициналық қалдықтарды жинауға арналған контейнерге тастау</p>
<p>Қою жолымен тазалау сапасын бақылау: - азопирам немесе осы мақсаттағы үлгі үшін басқа регламенттелгендер5) – фенолфталеин үлгісі6)</p>		<p>Химиялық құралдар ерітінділерін (азопирам, фенолфталеин) пайдаланған кейін биопсия арнасын 20-30 мл ауыз су сапасындағы құбыр сумен шаю және ауамен үрлеу, ал сыртқы бетін су құбыры суымен және құрғақ салфеткамен дәйекті сүрту.</p>

3. Жоғарғы деңгейдегі дезинфекция

ЖДД аймағында жуу-дезинфекциялау үй-жайларында орындалады.

Эндоскоп үстіндегі/ ішіндегі вегетативті түрдегі бактерияларды (соның ішінде микобактерияларды), саңырау құлақтарды, вирустарды жою және споралық түрдегі микроорганизмдердің мөлшерін төмендету мақсатында жүргізіледі.

1-кезең. Дезинфекциялық ұстау

<p>Эндоскопты дезқұралдар ерітіндісіне толық батыру, қосалқы құрылғылар арқылы шприц немесе помпаның көмегімен арналарды толтыру.</p>	<p>Көлемі кемінде 10 литрлі қақпағы бар дезинфицирленген сыйымдылық. Көп рет қолдану тобындағы химиялық заттарды стерильдейтін (спороцидтік) концентрацияда ЖДД құралдарынан жұмыс ертіндісі Арналарды өңдеуге арналған қосалқы құрылғылар Шприц немесе помпа7). Таймер. Су термометрі. Химиялық</p>	<p>Эндоскоп саңылауларынан ауа көпіршіктерінің бөлінуінің тоқтауы, арналардың толық толуын куәландырады.</p>
<p>Қосалқы құрылғыларды ажырату, ЖДД құралдарының ерітіндісін толтыру, шприц арқылы және эндоскоппен бірге ертіндіде қалдыру, шприцті алу және Б классындағы қалдықтарға арналған контейнерге тастау. Эндоскоптың сыртқы беттерінен ауа көпіршіктерін және қосалқы құрылғылардан салфеткамен жою.</p>		<p>Эндоскоптың барлық элементтерін және қосалқы құрылғыларын ЖДД құралдарының ертіндісімен толық қатынасын қамтамасыз ету қажет.</p>
<p>Ерітіндіде дезинфекциялық ұстау. Помпаны пайдалану кезінде дезинфекциялық ұстау уақыты ішінде ертінді арналар бойынша мәжбүрлеп айналады.</p>		<p>Ертіндіні қолдану режимін бақылайды немесе ЖДД құралдарын қолдануға дайындығы : дезинфекциялық заттардың (бұдан әрі-ДЗ) химиялық индикаторлармен концентрациясы (ауысымда бір реттен жиі емес), температураны – термометрмен,</p>

	индикаторлар8)	дезинфекциялық ұстау уақыты – таймермен.
<p>Дезинфекциялық ұстау аяқталғаннан кейін жаңадан қосылған қосалқы құрылғылар көмегімен және стерильді шприцтің немесе помпаның көмегімен қолмен арналардан ерітіндіні ауамен үрлеу.</p>	<p>Қосалқы құрылғылар. Стерильді шприц немесе помпа. Құрамында спирті бар тері антисептигі. Стерильді қолғап</p>	<p>Кезең асептика ережелерін сақтай отырып орындалады. Персонал тазалау аймағында халатын немесе алжапқышын жеңқаптарын, қолғабын шешеді, ЖДД аймағына ауысады, қолға гигиеналық өңдеу жүргізеді және дезинфицирленген эндоскоппен манипуляциялар алдында стерильді қолғап киеді</p>
2 -кезең. ЖДД кейінгі шаю		
<p>Эндоскопты қосылған қосалқы құралдарымен микробиологиялық сапасы регламенттелген суы бар жуу ваннасына/сыйымдылығына салу.</p> <p>Эндоскоп арналарын қосалқы құрылғылар арқылы стерильді шприцтің/помпаның көмегімен шаю, суды ауамен ысырып шығару.</p> <p>Эндоскоптан қосалқы құрылғыларды ажырату. Стерильді майлықты және/немесе душ саптамасын қолдана отырып эндоскоптың сыртқы бетін шаю. Қосалқы құрылғыларды сумен мұқият шаю</p>	<p>Гастроинтестиналды эндоскоптарды шаюға арналған көлемі кемінде 10 литрлі жуу ваннасы немесе бронхоскоптар толық батырылған кезде шаюға арналған жеткілікті көлемді сыйымдылық</p> <p>Гастроинтестиналды эндоскоптарды шаюға арналған ауыз су сапасындағы құбыр суы. Бронхоскоптарды шаюға арналған стерильді, қайнатылған немесе микробқа қарсы сүзгілерде (өлшемі 0,2 мкм аса бөлшектерді кідіртуді қамтамасыз ететін) тазартылған су. Қосалқы құрылғылар.</p> <p>Стерильді шприц немесе помпа.</p>	<p>Кезең асептика ережелерін сақтай отырып орындалады. Шаю тәртібі (шаюдың жиілігі мен ұзақтығы) құрал қолданылатын нұсқаулықта жазылған.</p> <p>Әрбір арнаны шаю үшін пайдаланылатын судың көлемі 90 мл кем емес болуы тиіс.</p> <p>Шаюға арналған су қатаң бір рет пайдаланылады.</p>
3 -кезең. Эндоскопты кептіру.		
<p>Эндоскопты және қосалқы құрылғыларды судан алу және стерильді жаймаға қою (алдын ала оның ішіндегі суды төгу).</p> <p>Стерильді майлықпен эндоскоптың сыртқы бетін, арнасын кептіру,</p> <p>Қосалқы құрылғыларды қосу және ауаны үрлеумен арналарды кептіру немесе стерильді силикон түтік арқылы аспирациялау.</p>	<p>Стерильді майлықтар.</p> <p>Стерильді жайма. Қосалқы құрылғылар.</p> <p>Стерильді силикон түтік және вакуумды аспиратор немесе стерильді шприц, немесе помпа</p>	<p>Кезең асептика ережелерін сақтай отырып орындалады.</p>
<p>Эндоскоп арнасын және элеватор аймағын (дуоденоскоп үшін) спиртпен жуу және оларды ауамен үрлеу.</p>	<p>Этил немесе 70% изопропил спирті</p> <p>Қосалқы құрылғылар.</p> <p>Стерильді шприц</p>	<p>Пайдаланылатын спирттің саны эндоскоптің белгілі моделінде жуылатын арналардың көлеміне сәйкес келеді.</p>
<p>1) Герметикалыққа тестілеу тәсілі, оны жүргізуге арналған қондырғы және тестілеу тәртібі эндоскопты өндірушімен белгіленген.</p> <p>2) Ағын іздестірушіні залалсыздандыру тәсілі оның қолдану нұсқамасында көрсетілген.</p>		

3) Эндоскоп арналарын өңдеу үшін қосалқы құрылғылар (жууға және арналарды жуу ертіндісімен, сумен, ЖДД үшін құралдар ертіндісімен, спирт және ауамен толтыруға арналған құрылғылар: аспирациялық арнасының және АС арналарының ирригаторы, биопсиялық арнаны аспирациялық тазалауға арналған адаптер, қосымша арналардың жуғыш түтіктері) қол тәсілі кезінде эндоскоппен бірге өңдеудің барлық циклінен өтеді, одан кейін бірден қайта пайдаланылады.

4) Көп рет қолданылатын щеткалар пайдаланылғаннан кейін САТ+Д және эндоскопқа құралдар ретінде стерилизацияға ұшырайды. Бір рет пайдаланылатын щеткаларды қолдану кезінде арналар диаметрлерінің және тазалауды жүргізудің сәйкестігіне өндірушінің нұсқаулығын басшылыққа алған жөн.

5) Тазалау сапасына әрбір оныншы, бірақ бір ауысымда кемінде бір өңделген эндоскоп тестіленеді.

6) Фенолфталеин сынамасы тазалау үшін рН 8,5-тен жоғары ертінділерді пайдалану кезінде қойылады.

7) ЖДД процесін жүргізу кезінде (дезинфекциялық ұстау, шаю, кептіру) ЖДД аймағында белгіленетін помпаны пайдалануға болады.

8) ДҚ жұмыс ертіндісінде ДЗ концентрациясын бағалауға арналған химиялық индикаторлар ДҚ және химиялық индикаторларды өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолданылады.

3. Стерильді емес араласуларға арналған эндоскоптарды механикалық өңдеу тәсіліне қойылатын талаптар

ЖДМ пайдалану тұйық циклде стандартталған және валидациялық өңдеу процестерін жүргізу, ЖДД сыни параметрлерін бақылау және құжаттау мүмкіндігі, ЖДД кейін автоматты режимде микробқа қарсы сүзгілерде сумен және ауамен тазартылған эндоскоп арналарын шаю және кептіру кезеңдерін қамтамасыз ету есебінен эндоскопиялық араласулар кезінде пациенттерге инфекция жұқтыру тәуекелдерін төмендетудің негізгі шарасы болып табылады.

ЖДМ-да әрбір өңдеу циклі алдында эндоскоп, егер машинаны пайдалану нұсқаулығында басқа нұсқаулар болмаса, қол тәсілімен щетканы пайдалана отырып қорытынды тазартуға ұшырайды.

Бірінші пайдалануға енгізу алдында, жөндеуден кейін немесе ұзақ уақыт (1 айдан артық) тұрып қалғанда ЖДМ-да қорытынды тазарту процесі Қазақстан Республикасының аумағында осы мақсаттар үшін рұқсат етілген тестілерді пайдаланумен жүргізіледі.

ЖДМ-ның автоматты циклі алдында қол тәсілімен қорытынды тазарту жүргізу үшін пайдаланылған қосалқы құрылғылар, режимі бойынша, тиімді вирустарға, бактерияларға және *Candida* түріндегі грибоктарға қатысты (туберкулез бейіні бойынша медициналық ұйымдарда – туберкулоцид режимі бойынша дезқұралдар, *Mycobacterium terrae*-ға тестіленген) дезинфекциялық құралдар ертіндісінде дезинфекциялауға жатады.

Тыныс алу жолдарын зерттеуге арналған эндоскоптар және мынадай шарттар сақталған кезде дәйекті бір ЖДМ-да өңделуі мүмкін:

-ЖДМ-ды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта ЖДД құралдары өндірушілермен ұсынылады (олар үшін автоматтандырылған циклінің тиімділігі дәлелденген);

-жоғарыда аталған құралдар ЖДД бір рет немесе бірнеше рет қолданылады. Бұл ретте, ЖДМ, көп рет қолданылатын ЖДД құралдары, дайын құралдарда/ жұмыс ерітінділерінде ДЗ концентрациясындағы химиялық бақылау құралдарымен және ерітіндіні өңдеу/ қолдану күндері циклінің ең көп санын индикация функциясымен қамтамасыз етеді.

-ЖДМ эндоскоптың өңделетін барлық арналарын қосуға арналған бірегей адаптерлері бар.

Бронхоскоптарды өңдеу үшін, жоғарыда аталған жағдайлардың тіпті біреуін орындау мүмкін болмағанда, жеке ЖДМ бөлінеді.

Бір циклда бронхоскопты және асқазан-ішек эндоскоптарын бірлесіп өңдеуге тыйым салынады.

Бронхоскоптарды өңдеу үшін өлшемі 0.2 микроннан асатын микроағзалардың кідіруін қамтамасыз ететін суды тазалауға арналған микробқа қарсы сүзгісіз ЖДМ пайдалануға тыйым салынады.

Егер ЖДМ-да 70% -дық этил немесе изопропил спиртімен қосымша кептіру мүмкіндігі болмаса, бұл қадам эндоскопты машинадан шығарғаннан кейін қолмен жүзеге асырылады.

ЖДМ өзін-өзі дезинфекциялау машинаны қолдану нұсқаулығында көрсетілген мерзімдерде, құралдармен және режиммен жүзеге асырылады. Мұндай нұсқаулар болмаған жағдайда, өзін-өзі дезинфекциялау процедурасы ЖДД үшін құралдар ертіндісін ауыстырғанда жүргізіледі. Бұл мақсатта эндоскоп ЖДД үшін пайдаланылған ертіндіні қолдануға рұқсат етілмейді.

4.Стерильді емес араласуларға арналған эндоскоптарды тасымалдау және сақтау шарттарына қойылатын талаптар

Эндоскоптар эндоскопиялық бөлімше арасында, орталықтандырылған стерилизациялау (ОСБ) бөлімшелерінде, медициналық ұйымның басқа да бөлімшелерінде, сондай-ақ медициналық ұйымнан тыс жерде медициналық көмек көрсетілгенде жабық түрде лотокта немесе контейнерде тасымалданады. Қаптама ретінде таңбаланған полиэтилен (стерильді және стерильді емес) кірістер (сына), маталар және материал (өңделген эндоскоптар үшін стерильді қаптама) пайдаланылады.

Тасымалдау кезінде таза және ластанған эндоскоптар ағындарының араласуына жол бермеу үшін таңбалаудың әр түрлі нұсқалары қарастырылады: лотоктарды таңбалайды, түрлі түсті полиэтилен сыналары немесе бір рет пайдаланылатын биркалар және басқалар пайдаланылады.

Лотоктар пайдаланғаннан кейін сүрту тәсілімен вирустарға, бактерияларға және Candida түріндегі грибоктарға (туберкулез бейіні бойынша медициналық

ұйымдарда - *Mycobacterium terrae* –ға тестіленген туберкулоцидті режимі бойынша дезқұралдар) қатысты тиімді режимі бойынша дезқұралдармен өңдейді.

Ауысымдар арасында өңделген эндоскоптарды сақтау бөлшектелген түрде стерильді материалмен қапталған немесе тіркеу куәлігі бар арнайы (сақтау/сақтау және кептіру үшін) шкафтарда қапталмаған асептикалық жағдайда жүзеге асырылады. Эндоскоптарды асептикалық ортада кептіруге және сақтауға арналған шкафтардағы сақтау мерзімі шкафты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта\әдістемеде көрсетіледі. Стерильді маталы қаптамада оралған эндоскоптардың сақтау мерзімі 72 сағаттан аспайды. Сақтау мерзімі өткеннен кейін эндоскоп қайтадан ЖДД жатады.

Эндоскоптарды сақтау/сақтау және кептіруге арналған арнайы шкафтарда ауаның рециркуляциясы ультракүлгін сәулесімен және/немесе микробқа қарсы сүзгілермен зарарсыздандыруы қамтамасыз етіледі. Алмалы -салмалы бөлшектер эндоскоптан бөлек сақталады, бірақ олардың белгілі бір бұйымға тиістілігі қамтамасыз етіледі.

Эндоскопты өңдеу циклы аяқталғаннан кейін, кезекті пайдалану алдында жиналған түрде стерильді қаптамада лотокта 3 сағатқа дейін сақтауға болады. Егер эндоскоп белгіленген уақыт ішінде пайдаланылмаса, ол қайталанатын ЖДД және кептіруге жатады.

5. Эндоскоптарға арналған құрал-саймандарды өңдеуге қойылатын талаптар

Эндоскоптарға арналған құрал-саймандар күрделі құрылымымен ерекшеленеді, оның ішінде шаншып-кескіш (пирсинг кесетін) беттері болуы мүмкін, сондықтан өңдеу кезеңдерінде медициналық персоналдың жаракат алу қаупі бар.

Эндоскопиялық араласулардың түріне қарамастан (стерильді, стерильді емес) эндоскоптар құралдары стерильді болады. Қолданудан кейін олар дәйекті түрде алдын ала тазалаудан, дезинфекциялаумен, стерилизациялаумен үйлескен стерилдеу алдындағы тазалаудан өтеді.

Бір сыйымдылықта/жуғышта құралдарды эндоскоппен бір мезгілде өңдеуге жол берілмейді.

Көптеген құралдар, соның ішінде арналары бар, бір мәрте қолданылатын өнімдер болып табылады және қайта өңдеуге жатпайды.

6. Эндоскоптар құралдардың қол тәсілімен өңдеу процестерін тиімді жүргізудің мазмұны мен шарттары:

ААТ, САТ+Д, стерилизация процестері кезеңдерінің бірізділігі және мазмұны	Өңдеу процестерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Жеке кезеңдерді және / немесе бүкіл өңдеу процесін тиімді орындау шарттары
---	---	--

1	2	3
<p>I. Алдын ала тазалау</p> <p>Эндоскопиялық манипуляциялық бөлмеде жүзеге асырылады. Құрал-саймандардан массивті ластануды (олардың кебуінен бұрын) жоюға арналған</p>		
<p>Құралдан ірі ластарды майлықпен (тампонмен) жою</p>	<p>Персоналдың ЖҚҚ . Бір реттік</p>	
<p>Жуу құралдарын ертіндісі бар сыйымдылыққа толық батыру. Арналар мен қуыстар болған жағдайда мәжбүрлеп толтырылады.</p>	<p>таза майлықтарды (тампондар) құрғақ немесе ылғалды жуу құралдарымен.</p>	<p>Ертіндіде ең аз уақыт ұстау мерзімі құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген, ең көп - өндірушінің ұсыныстарына сәйкес</p>
<p>Құрал-саймандарды перфорацияланған науада су ағыны астында шаю (құрал – саймандарға арналған жуу ваннасы болғанда). ОСБ-ға немесе жуу –дезинфекциялау бөлмесіне тасымалдау.</p>	<p>Құрал-саймандарды толығымен батыру үшін сыйымдылығы жеткілікті перфорацияланған науасы бар контейнер Мақсатты жуғыш зат (ферментативті құрал жақсырақ). Шприц немесе арналарды жууға арналған басқа құралдар</p>	<p>Құралдар ылғалды күйінде (шаюдан кейін) немесе ертіндіде (шаюсыз) тасымалданады</p>
<p>II. Дезинфекциямен біріктілген кезде стерилдеу алдындағы тазалау*</p> <p>Зарарсыздандыру және мүмкіндігінше барынша тазалау мақсатында жуу-дезинфекциялау бөлмесінде немесе ОСБ-да өткізіледі</p>		
<p>Ертіндіге құралды толық батыру. Көп қолданылатын құралдардағы арналар мен ішкі қуыстар (болған жағдайда) мәжбүрлеп толтырылады. Дезинфекциялық ұстау.</p>	<p>Перфорацияланған науасы бар контейнер Қабыршақтар, щеткалар, саптамасы бар жуу пистолеті, майлықтар. Эндоскоптар құралдарына арналған "САТ + Д" қолдану режимінде жуу ерекшеліктері бар дезқұрал</p>	<p>Дезқұралдың жұмыс ертіндісін қолдану режимін сақтау: концентрациясын (ертіндіні дайындау кезінде өлшеуіш сыйымдылықты қолдану), температурасын (термометермен бақылау), дезинфекциялық ұстау уақытын (таймермен бақылау).</p>
<p>Қабыршақтар, щеткалар, майлықтар көмегімен сол ертіндіде тазалау.</p>	<p>Ауыз су сапасындағы су құбыры суы. Дистилденген су</p>	
<p>Су құбыры суымен шаю, сонымен бірге мәжбүрлеп ішкі қуыстарды және арналарды шаю. Дистилденген сумен шаю.</p>		<p>Шаюға арналған су порциясы қатаң бір рет қолданылады.</p>
<p>Таза майлықтар, ауа пистолеті көмегімен кептіру.</p>	<p>Таза материал. Ауа пистолеті. Кронштейн немесе ұзын құрал-саймандарды кептіруге арналған басқа да құралдар.</p>	<p>Ұзын құралдар қаптау алдында жайылған күйінде кронштейнде кептіріледі.</p>
<p>Тазалау сапасына сынамалар (азопирам, фенолфталеин немесе осы мақсаттар үшін регламенттелген басқа да сынамалар)</p>		
<p>Функционалды тестілер. Майлау. Құрал-саймандар функциясын ұстау және бақылау үшін жүргізіледі.</p>		
<p>Стерилизаторға салу алдында қаптамалау.</p>	<p>Таңдалған стерилизация әдісіне сәйкес қаптама материалдары</p>	<p>Құрал-саймандардың сақталуын қамтамасыз ету үшін, өндіруші ұсынған стерилизациялық контейнерлер пайдаланылады.</p>

III. Стерилизация

ОСБ, эндоскопиялық бөлімшенің стерилизация бөлмесінде жүргізіледі

<p>Қол тәсілімен химиялық құралдар ергіндісінде: -стерилизациялаушы құрал ертіндіге толық батырылады; -стерильді сумен шаю; - стерильді материалмен кептіру.</p>	<p>Стерильді контейнерлер. Оттекті белсенді немесе құрамында альдегиді бар химиялық заттар топтарынан стерилизациялаушы құралдар. Химиялық индикаторлар. Таймер. Термометр. Шаюға арналған стерильді су. Стерильді материал</p>	<p>Стерилизация параметрлеріне бақылау жүргізіледі (концентрациясы және ертінді температурасы, стерилизациялық ұстау уақыты). Құрал-саймандармен барлық әрекеттер, стерильдеуші құралдан алғаннан кейін, асептикалық жағдайда жүргізіледі. Стерильді контейнер және шаюға арналған стерильді су порциясы бір рет пайдаланылады.</p>
<p>Булы, газды стерилизаторларда (этиленоксид, формальдегид қолдану), сонымен бірге сутегі тотығының буын қолданатын стерилизаторларда (плазмалықты қосқанда)</p>	<p>Стерилизатор</p>	<p>Стерилизатордың жұмыс бағдарламасында қарастырылған стерилизация режимін таңдау нақты медициналық ұйымның өндірушісі ұсынылған есебімен іске асырылады.</p>
<p>Бір уақытта жуу және дезинфицициялық қасиеттерге ие емес құралдарды пайдаланған кезде, алдын ала тазалау және дезинфекциялау процестері дербес жүргізіледі (бір-біріне жанаспай).</p>		

Стерилизация алдындағы тазалау тәуелсіз процедура түрінде және дезинфекциялаумен үйлесе механикалық тәсілмен ультрадыбыстық құрылғыларда (бұдан әрі - УДҚ) жүргізілуі мүмкін, ол үшін нұсқаулық әзірленіп, тиісті қолдану режимі көрсетілген.

Құралдарды тазалау және дезинфекциялау процестері механикалық тәсілмен толық көлемде арнайы ЖДМ-да орындалуы мүмкін. Тазалау және дезинфекциялау құралдарын таңдау құралдар мен ЖДМ-ды өндірушілерінің ұсыныстары негізінде анықталады.

7. Ультрадыбыстық өңеш датчиктерді арқылы өңдеу алгоритмі

Процесс/кезеңдері	Қол тәсілі	Механикалық тәсіл
ААТ	<p>Датчикті енгізілетін бөлігін жуу құралына батырылған майлықпен тазалау. Датчикті жүйеден ажырату және датчикке қосылған немесе оған киілген барлық тиесілі құрылғыларды алып тастау. Датчикті құрғақ майлықпен сүрту.</p>	
ТТ/ТТ+Д	<p>Датчикті өндірушінің нұсқаулығында көрсетілген белгіге дейін жуу / дезинфекциялау құралдарының ертінділеріне құралдардың нұсқаулығында көрсетілген уақытқа салу. Тазалауға арналған майлықты пайдалану. Ауыз су сапасындағы сумен шаю. Таза майлықпен құрғату.</p>	<p>ЖДМ пайдалану. Датчикті өндіруші белгісіне дейін салуды қамтамасыз ету. ТТ және ЖДД ішіндегі толық циклді орындау.</p>

ЖДД	Датчикті өндіруші нұсқаулығында көрсетілген белгіге дейін дезинфекциялық ұстау уақытына ЖДД үшін құралдардың ерітіндісіне салу.
Сақтау	Асептикалық ортада
Датчиктің ертіндіге салынбайтын бөліктері құрғақ күйде қалуы қажет, сол үшін оны химиялық құралдардың ертіндісіне батырылатын және сумен шайылатын бөліктерден жоғары ұстау қажет.	

8. Стерилді емес эндоскопиялық араласуларды жүргізумен байланысты инфекциялардың алдын алу бойынша шараларды ұйымдастыру

Эндоскопты өңдеуді арнайы бөлінген, оқудан өткен медицина персоналы жүргізеді.

Медициналық ұйымдарда эндоскоптарды өңдеуді жүзеге асыратын медицина персоналын үздіксіз оқыту жүйесі құрылады (жұмысқа түскен кезде жұмыс орнында бастапқы оқыту, эндоскоптардың жаңа модельдерін өңдеу процедурасын оқыту, жаңа ЖДМ-ды пайдалануға енгізген кезде эндоскопты механикалық тәсілмен өңдеу процедураларын оқыту, 5 жылда бір рет бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру);

Стерильді емес эндоскопиялық араласулар орындалатын медициналық ұйымдар қажетті эндоскоптар мен олардың құрал-саймандарымен, эндоскоптарды тазалауға және сақтауға арналған жабдықтармен, тазалау, дезинфекциялау құралдарымен, ЖДД және басқа да шығын материалдарымен жабдықталады.

Нақты бір медициналық ұйым жағдайында эндоскоптардың қажетті саны жұмыс жүктемесі негізінде, эндоскопиялық араласулар жүргізілген барлық уақыт және эндоскопты өңдеудің толық циклымен анықталады. Эндоскоптардың әрбір модельінің (гастроскоптар, колоноскоптар, бронхоскоптар, дуоденоскоптар және басқалар) болжамды саны жоспарланған араласу сандарын орындау үшін мынадай формула бойынша есептеледі

$$h = n \times (a + b) : c, \text{ мұндағы}$$

a – эндоскоптың белгілі модельін өңдеудің толық циклының ұзақтығының орташа мәні, мин;

b – осы модельдегі эндоскоптармен орындалатын араласулардың орташа ұзақтығы, мин;

c – осы модельдегі эндоскоптармен араласуларды орындау кезіндегі жұмыс ауысымының ұзақтығы, мин;

n – осы модельдегі эндоскоптармен жоспарланған немесе шынайы орындалған араласулар саны, абс.бірлік.

а және в мәндері эндоскоптың әрбір моделі үшін эндоскопты өңдеудің бірнеше циклдердің ұзақтығына немесе тиісінше оларды пайдаланумен жүргізілген эндоскопиялық араласуларға хронометраж жолымен анықталады. Алынған h мәні бүтін мәнге дейін үлкен жағына қарай дөңгелектенеді.

Ауыр жүктемеде (бір мезгілде бірдей типтегі үш немесе одан да көп эндоскоптар өңделеді) ЖДМ қолдану міндетті болып табылады.

9. Стерильді емес араласуларға арналған эндоскоптарды және олардың құрал-саймандарын өңдеу сапасын жоспарлы микробиологиялық бақылау жүргізудің тәртібі

Эндоскоптарды өңдеу сапасын бақылау микробиологиялық әдіспен жүргізіледі.

Толық өңделген және кептірілген эндоскоптардан сүртінділер сынамасын жоспарлы алу тоқсан сайын жүзеге асырылады. Сынамаларды бөлімшенің медбикесінің көмегімен лаборант немесе дәрігер - микробиолог алады. Бақылауға мыналар жатады: биопсиялық канал, енгізілетін түтік, клапандар және клапан ұялары.

Эндоскопқа енгізілетін түтіктердің сыртқы бетінен сүртінділерді алу стандарт әдісі бойынша стерильді дистелденген суға батырылған стерильді тампондармен жүзеге асырылады.

Сүртінділер әрбір клапанның барлық беттерінен (сыртқы беттерінен, қуыс кеңістіктерінен және тесіктердің беттерінен) бір тампонмен алынады.

Клапан ұяларының беттерінен сүртінділер цилиндрдің барлық беттерін қамти тампонмен айналдыра қозғалыспен алынады.

Эндоскоптың толық цикльді өңдеуінің тиімділік өлшемшарттары, ішек таяқшалар тобы бактерияларының, жалтырауық стафилококктың, көкіріңді таяқшаның, өңезді және ашытқы грибоктарының, сондай-ақ басқа шартты-патогенді және патогенді микроорганизмдердің өсуінің болмауы болып табылады. Бұл жағдайда эндоскоптың биопсия арнасының жалпы микробтық ластану көрсеткіші -100 КОЕ/мл-ден аз.

Егер микроорганизмдер анықталса немесе биопсия арнасындағы микроорганизмдермен ластану мөлшері ≥ 100 КОЕ/мл болса, өңдеу қанағаттанарлықсыз деп саналады. Эндоскоп толық циклді өңдеуден өтеді және сынамалар бақылауға алынады. Микробиологиялық зерттеулерде қанағаттанарлықсыз нәтиженің қайталануы және эндоскопты өңдеу технологиясында анықталған бұзушылықтардың болмау жағдайында, оның техникалық сенімділігін тестілеу үшін қызмет көрсету орталығына қарау ұсынылады.

Эндоскоптың өңдеу сапасын жоспардан тыс микробиологиялық бақылау эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

ЖДМ өзін-өзі дезинфекциялаудың микробиологиялық сапасын бақылау кем дегенде жарты жылда бір рет жүргізіледі. Сүртінділер машинаның түрлі аймақтарынан (ванна, су және ауаны беру түтікшелер, штуцерлер), өзін-өзі дезинфекциялау циклы аяқталғаннан кейін дереу стерильді дистильденген суға батырылған тампондармен алынады. Тиімділік критерийі - зерттелген сүртінді үлгілерінде микроорганизмдердің вегетативті түрлерінің өсуінің болмауы.

Стерильдікке бақылауға жататын эндоскоп құралдары стерилизациясы жүзеге асырылған қаптамада микробиологиялық зертханаға жолданады. Стерилизацияның тиімділік өлшемшарты - микроорганизмдер өсуінің болмауы.

10. Эндоскопиялық бөлімшеде /кабинетте профилактикалық дезинфекцияны жүргізуге қойылатын талаптар

Стерильді емес эндоскопиялық араласуларға арналған манипуляциялық және жуу - дезинфекциялау бөлмелерінде тазалау және профилактикалық дезинфекция ластану шамасына қарай жүргізіледі, бірақ ауысымда кемінде бір рет немесе күніне 2 рет. Жалпы соматикалық профилді медициналық ұйымдарда осы мақсатта вирустардың, бактериялар мен Candida түріндегі саңырауқұлақтардың жойылуын қамтамасыз ететін режим бойынша дезинфекциялаушы құралдар қолданылады; туберкулез профилінің медициналық ұйымдарында – микобактериялардың жойылуын қамтамасыз ететін режимі бойынша, басқа инфекциялық ауруханаларда – аса тұрақты коздырғыштардың (вирустар, туберкулез микобактериясы немесе аурухана профиліне сәйкес басқа микроорганизмдер) жойылуын қамтамасыз ететін режимі бойынша.

Эндоскопиялық манипуляциялық бөлмеде әрбір пациенттен кейін зерттеуге арналған кушетканың беті (үстел) және олармен қатынаста болған қосымша эндоскопиялық жабдықтар, қысқа уақыт ішінде дезинфекциялық ұстау құралдарымен зарасыздандырудан өтеді. Әрбір пациент үшін кушеткаға / үстелге таза жайма жабылады.

Жуу ванналары сүрту тәсілімен дезинфекциядан өтеді, ал эндоскоп арналарын өңдеу үшін арналған қосалқы құрылғылар - әр эндоскоптың қорытынды тазалау процесі аяқталғаннан кейін батыру тәсілімен (дезинфекцияны үйлестірмей) дезинфекцияланады.

Жұмыс ауысымының соңында жуу-дезинфекциялау бөлмесінде дезинфекцияға мыналар жатады:

қорытынды және стерильдеу алдындағы тазалауға, ЖДД кейін эндоскоптарды шаюға арналған барлық сыйымдылықтар мен жуу ванналары,

медицина персоналының қолын жууға арналған раковиналар, барлық көлденең беттер;

аспирациялық банка және қосылғыш түтікшелер. Аспирациялық банка биологиялық ластануды бекітпелі қасиеттері жоқ құрал ертіндісіне толық батырылғанда дезинфекцияланады, содан кейін қылшықтармен және щеткалармен тазартылады. Түтікшелерді тазалау және дезинфекциялау ЖДМ-да ОСБ-де жүргізу ұсынылады. ЖДМ болмаған жағдайда, түтіктерді өңдеу қол тәсілімен оттегі белсенді құралдарының ертіндісінде ертіндіні соруға арналған қондырғыларды (мысалы, помпа, шприц және басқалар) пайдалану арқылы жүргізіледі. Түтіктердің тұтастығын тексерумен және таза материалды, помпаны немесе ауа пистолетін пайдалану арқылы кептірумен өңдеу аяқталады;

линзаларды тазалау үшін суға арналған сыйымдылық (контейнер, банка), оған қақпақ және жалғастырушы түтіктер жұмыс ауысымының соңында тазалаудан, кептіруден және стерилизациядан өтеді.

қақпақ және жалғастырушы түтіктер қылшықтар мен щеткаларды пайдалану арқылы тазаланады, содан кейін мұқият кептіріледі, қапталады және стерилизациядан өтеді. Эндоскопиялық зерттеулерді бастамас бұрын стерильді банка стерилденген сумен толтырылады;

қорытынды тазалау процесі кезінде пайдаланылған помпаның су-ауа контуры, қолдану режимі бойынша дезинфекциялаушы құралдардың вирустардың, бактериялар мен Candida түріндегі саңырауқұлақтардың жойылуын қамтамасыз ететін ертінділерде үздіксіз сору арқылы дезинфекцияланады, содан кейін қолданылған құралдың нұсқаулығында көрсетілген уақытқа дейін сумен шайылады және ауамен үрленеді.

11. Эндоскопиялық бөлімшеде (кабинетте) эндоскоптарды өңдеу сапасын ішкі бағалаудың бағдарламасын әзірлеу және енгізу

Эндоскопиялық бөлімшеде/кабинетте эндоскоптарды өңдеу сапасын ішкі бақылау бағдарламасы әзірленеді. Бағдарламаға мыналар кіреді:

ТТ/ТТ+Д процессін, соның ішінде эндоскопиялық жабдықтың өңдеу сапасын инфекциялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізуге жауапты тұлға тарапынан кезеңдік (ай сайынғы) визуалды тексеру;

осы мақсаттар үшін тестілерді пайдалана отырып, эндоскоптарды тазалау сапасын және химиялық индикаторларды пайдалана отырып, қайта қолданылатын ЖДД ертіндісінде белсенді зат концентрациясын аға мейірбике тарапынан апта сайын бағалау;

эндоскопты өңдеудің толық циклінің микробиологиялық сапасын бағалау (тоқсан сайын) және ЖДМ өзін өзі дезинфекциялау сапасы (жылына 2 рет);

эндоскоптардың профилактикалық және техникалық қызмет көрсету кестесін әзірлеу және енгізу;

ЖДМ техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау (су, ауа сүзгісін ауыстыру және эндоскопты тазартуды тексеру);

эндоскопиялық бөлімшесі/кабинеті персоналымен қол гигиенасы ережелерінің сақталуын, стерильді емес/стерильді қолғаптарды, басқа да жеке қорғану құралдарының пайдалануын бағалау;

эндоскоптарды тазалау кезінде микробтық аэрозольдердің пайда болуына жол бермеу үшін персоналдың техникалық әдістерді меңгеруін, шаншып-кесетін (пирсингтік) құралдарды, медициналық қалдықтарды қауіпсіз пайдалану процедурасын бағалау;

персоналдың төтенше жағдайларды жоюға (химиялық заттарды немесе биологиялық сұйықтықтарды төгу, биологиялық сұйықтықтың ағзаға түсуі, стерильді емес құралдардан жарақаттар алу) дайындығын бағалау.

12. Стерильді эндоскопиялық араласуларды жүргізуге арналған иілгіш эндоскоптарды өңдеу

Стерильді эндоскопиялық араласуларды жүргізуге арналған иілгіш эндоскоптарды пайдаланылғаннан кейін өңдеу мынадай сатыда жүзеге асырылады:

алдын ала тазалау;

дезинфекциямен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау;

стерилизациялау;

микроорганизмдермен қайталама ластануды болдырмайтын жағдайларда сақтау.

Иілгіш эндоскоптарды алдын ала, стерилизация алдындағы тазалау, дезинфекциялаумен үйлескен тазарту процесі стерильді емес араласуларға арналған эндоскоптар үшін қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады

Иілгіш эндоскоптардың стерилизациясы химиялық ерітінділерде қол немесе механикалық тәсілдермен төменгі температуралық стерилизаторларда жүзеге асырылады, олар нақты бір эндоскоп модельіне (арналардың материалдарына, мөлшеріне, ұзындығына және диаметріне байланысты) пайдалануға шектеулері жоқ.

Қол тәсілімен эндоскоптарды стерильдеу процесі мынадай сатыларды қамтиды:

дезқұралдардың біреуіне эндоскопты толығымен батыру және адаптерлер арқылы (жуғыш түтіктер) арналарды мәжбүрлеп толтыру, сондай-ақ сыртқы беттерден ауа көпіршіктерін алып тастау арқылы стерилизациялау;

нақты стерильдеуші құралдың пайдалану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес эндоскопты стерилді сумен шаю. Ішкі арналар адаптерлер, жуғыш түтіктер арқылы шайылады.

Стерильді су және суға арналған стерильді контейнер бір рет пайдаланылады.

Эндоскоптың сыртқы беттері стерильді майлықтармен, арналар - ауа қысымымен немесе ауа ағынымен кептіріледі. Арналарды спиртпен қосымша кептіру жүргізілмейді. Стерильдеуші құралдардың қалдықтарынан жуылған және кептірілген өнімдер стерильді шүберекпен қапталған стерильді стерилизациялы қорабына салынады. Стерилденген өнімдердің жарамдылық мерзімі 72 сағаттан аспайды.

13. Стерильді жедел араласуларға арналған қатты эндоскоптарды өңдеу

Стерильді жедел араласуларға арналған қатты эндоскоптарды өңдеу мынадай процестерді қамтиды: алдын-ала тазалау, дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау, стерилизациялау.

Қатаң эндоскоптар және олардың керек-жарақтарын дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау қол тәсілімен немесе ЖДМ-да механикалық тәсілмен жүргізіледі.

Эндоскопты қол тәсілімен дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау процесі келесі қадамдарды қамтиды:

жуу-дезинфекциялау ерітіндісіне эндоскопты толық батырумен және арналарды мәжбүрлеп толтырумен дезинфекциялық ұстау;

тиісті мөлшердегі щеткалар мен сым тазартқыштары көмегімен ішкі арналарды және эндоскоптың алмалы-салмалы бөліктерін механикалық тазалау;

ішкі арналарды арнайы құрылғылардың (спринцевальды түтіктер, жуғыш шприцтер немесе шүмегі бар жуғыш пистолет) көмегімен жуу;

эндоскопты, оның ішінде арналарды арнайы құрылғылар көмегімен ауыз су сапасындағы және дистильденген сумен шаю;

Эндоскоптың сыртқы беттері жұмсақ шүберекпен, арналары - ауалық пистолеттер көмегімен ауамен кептіріледі. Оптикалық беттер қосымша 70% спиртпен кептіріледі, егер ол өндірушінің нұсқаулығында көрсетілген болса.

Механикалық тәсілмен дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау ЖДМ-да эндоскопиялық жабдық өндірушімен рұқсат етілген химиялық құралдармен немесе химиялық құралдар және термиялық әдіспен орындалады.

Дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау аяқталғаннан кейін тазалау сапасы тексеріледі; пайдалану нұсқаулығына сәйкес функционалдық сынақтар жүргізіледі, сурет сапасы тексеріледі, эндоскоптың жылжымалы бөліктерінің крандары мен топсалы механизмдері майланады.

Автоматты стерилизация циклының алдында эндоскоп мұқият кептіріледі және таңдалған стерилизация әдісі үшін ұсынылған стерилизациялы контейнеріне сақталады.

Эндоскопты қол тәсілімен стерилизациялау процесі стерильді эндоскопиялық араласу үшін иілгіш эндоскоптарды стерильдеуге ұқсас жолмен жүзеге асырылады.

Бейнекамераның басқару блогын және бейнебастиек блогын (оптикалық адаптермен (объектив), интеграцияланған бейнебастиек блогын, бұрандалы қосылымы және оптикалық адаптері бар бейнебастиек немесе онсыз, сонымен қатар оптикалық адаптердің өзі) өңдеу (қосқыш желісінен) электр желісінен ажыратылғаннан кейін дереу басталады.

Бейнекамераның басқару блогы альдегидтерді, спирттерді немесе басқа биологиялық ластану компоненттерін бекітпейтін дезинфекциялау құралдарына батырылған бір реттік майлықтармен сүртіледі.

Бейнебастиек, объектив және бейнебастиек кабелін сыну және жарылуға көзбен тексеруден кейін, бейтарапты жуғыш құралдарының ерітіндісінде алдын ала тазалаудан өтеді.

Эндоскопиялық жабдықтарды дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

дезинфекциялау ұстау уақытында жуу-дезинфекциялау ерітіндісіне батырылады;

бейнебастиек мен объективтен жұмсақ щеткамен (шүберекпен) ластануды жою;

дистильденген сумен шаю.

Эндоскопиялық жабдықты стерилизациялау, өндіруші ұсынымдарына сәйкес бу, газ немесе плазма әдістерімен жүргізіледі. Стерилизация алдында камераның оптика және қосқышының тазалығы тексеріледі, шыны беттері 70% спиртпен құрғатылады, зақымдануына тексеріледі.

Бейнебастиек мен кабельдің сақталуын арттыру үшін бір реттік чехолдарды пайдалану алдында, оперативті араласуларды жүргізу уақытында бұл медициналық өнімдер өндіруші нұсқауларына сәйкес барлық өңдеу процестерінен өтеді.

Шыныталшықты (сұйық) жарық бағыттаушылар дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау қол немесе механикалық тәсілдермен жүргізіледі. Стерилизация алдында шыны беттері қосымша 70% спиртпен кептіріледі, функционалдық сынақ жүргізіледі. Шыныталшықты жарық бағыттаушылар келесідей стерилизацияланады:

булы, газды және плазмалық әдістермен;

спороцидтік концентрацияда құрамында альдегиді бар, белсенді оттектік және кейбір құрамында хлоры бар құралдардың ерітінділерімен. Сұйық жарық бағыттағыштары газ әдісімен немесе химиялық заттардың ерітіндісінде стерилизацияланады.

Сорғыштардың керек-жарақтары (шайғыш сорғылар немесе помпа) болып табылатын аспирациялық банкалар және көп реттік силикон түтікшелерінің жиынтығын дезинфекциялаумен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау әрбір эндоскопиялық операциядан кейін қол немесе механикалық тәсілмен, стерилизация – өндіруші ұсынған режим бойынша бу әдісімен жүргізіледі.

Помпа желіден ажыратылғаннан кейін, құрамында спирті жоқ, дезинфекция құралдарының ертіндісіне батырылған майлықпен сүртіледі.

Инсуффляциялық құрылғыны керек-жарақтарымен өңдеу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

құрылғы желіден ажыратылғаннан кейін, құрамында спирті жоқ, дезинфекция құралдарының ертіндісіне батырылған майлықпен сүртіледі. Қолданылған бір реттік антибактериалды СО₂-газды фильтр Б классындағы медициналық қалдықтарына жатады;

көп реттік силиконды түтікшелер жиынтығы өтеді;

жуу құралының ертіндісінде алдын ала тазалау;

дезинфекциямен үйлескен стерилизация алдындағы тазалау қол немесе механикалық тәсілмен арнайы құрылғыларды пайдалана отырып, түтікшелердің ішкі қуыстарын жуу-дезинфекциялау құралдарының ағынымен кедергісіз жуу үшін; қол тәсілімен өңдеуде қуыс кеңістіктерді щеткамен механикалық тазалау міндетті;

дистильденген сумен шаю;

ішкі қуыстарды ауамен және сыртқы беттерді шүберекпен кептіру;

герметикалық қарау және тексеру;

бу әдісімен стерилизация.

Артроскопияға арналған түтікшелер жиынтығы бір рет пайдаланылады және қайта өңдеуге жатпайды.

Эндоскоп жабдықтарын хирургиялық эндоскопиялық араласуларға дайындау кезінде пациенттерге инфекцияны жұқтыруды және құрылғыда ластануды болдырмау мақсатында, әрбір инсуффляция қосқышына бір реттік стерильдік антибактериальдық СО₂-газы орнатылады.

Стерилденген эндоскоптар мен олардың құрал-саймандарын сақтау мерзімі таңдалған стерилизация әдісімен, қаптама материалының түрі мен сақталу мерзімімен анықталады.

14. Стерильді эндоскопиялық араласуларды жүргізуге арналған медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайларына, стерильді араласуларға арналған эндоскоптар мен құрал-саймандарды өңдеуге қойылатын талаптар

Стерильді эндоскопиялық араласулар медициналық ұйымның ота, кіші ота немесе профильді хирургиялық бөлімшелердің манипуляциялық эндоскопиялық бөлмелерінде жүргізіледі.

Эндоскопиялық жабдықтарды (қатты эндоскоп, бейнекамера бастиегі, жарық бағыттаушы, сорғыш (жуғыш) сорғы, инсуффляция құрылғысы, силиконды түтіктер жиынтығы, құрал-саймандар) алдын ала тазалау оперативті араласулар аяқталғаннан кейін, хирургиялық құралдарды алдын-ала тазалау жүргізілетін аймақта орындалады.

Иілгіш эндоскоптар мен олардың құрал-саймандарын алдын ала тазалау эндоскопиялық манипуляцияға араласу аяқталғаннан кейін дереу жүргізіледі.

Стерильді манипуляция үшін эндоскоптар және құрал-саймандарды дезинфекциялаумен үйлескен стерильді алдын ала тазалау, операциялық блоктың құрал-саймандарды бөлшектеу және жуу бөлмесінде, хирургиялық бөлімшенің жуу-дезинфекциялық бөлмесінде, ОСБ жүргізіледі.

Стерильді араласуларға арналған эндоскоптар мен құрал-саймандарды стерилизациялау:

қол тәсілімен операциялық блоктың немесе хирургиялық бөлімшенің стерильді бөлмелерінде (Б тазалық классы) ;

операциялық блоктың, хирургиялық бөлімшенің, ОСБ стерильді бөлмесінде (Б тазалық классы) стерилизация қондырғысын пайдалана отырып механикалық тәсілімен жүргізіледі.

Стерилизацияланған эндоскоптар мен құрал-саймандар асептикалық жағдайда сақталады.

Стерильді эндоскопиялық араласулар жүзеге асырылатын бөлмелерді тазалау және дезинфекциялау әрбір араласулардан кейін жүргізіледі. Күрделі тазалау – аптасына 1 рет.

15. Эндоскопиялық араласулармен болжамды байланысты инфекциялық аурулардың жағдайларына эпидемиологиялық зерттеу жүргізу тәртібі

Эндоскопиялық араласумен болжамды байланысты инфекциялық ауру жағдайы туындаған кезде эпидемиологиялық зерттеу жүргізіледі.

Патогенді бактериялардан туындаған инфекция жағдайын зерттеу кезінде:

ауырған күні, бөлінген микроорганизм штаммдарының сипаттамасымен клиникалық материалды бактериологиялық зерттеу нәтижесі, серологиялық және басқа зертханалық зерттеу әдістері; аурудың инкубациялық мерзімі аралығындағы эндоскопиялық араласу күні (немесе күндері) белгіленеді;

эндоскопиялық араласуды жүзеге асыратын медициналық ұйымның бөлімшелері тексеріледі, оның барысында мыналар бағаланады: эндоскоптардың нақты өңдеуінің қазіргі санитариялық қағида талаптарына сәйкестігі;

қолданылатын тазалау құралдары және ЖДД; ЖДД цикл параметрлерін бағалауды қамтамасыз ету; құрал-саймандарды стерилизация алдындағы тазалау және стерилизациялау сапасы; эндоскоптарға өңдеу жүргізетін персоналдың білімі, эндоскопиялық араласулармен байланысты инфекциялардың алдын алу мәселелері бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлігінің болуы;

эпидемиологиялық зерттеу алдындағы жыл ішінде эндоскоптарды өңдеу тиімділігін жоспарлы бактериологиялық бақылау нәтижелеріне талдау жасалады.

Болжамды инфекция көзін және зардап шегуші болған жұқтыру қаупіне ұшыраған науқастарды анықтау үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

эндоскопия бөлімінде, бөлімшесінде, кабинетінде орындалатын зерттеулерді тіркеу журналы, стационарда оперативті араласулар журналы негізінде, онда зардап шеккен пациентке дейін және кейін аурудың этиологиясына сәйкес эпидемиолог анықтаған мерзімдер аралығында сол эндоскоппен тексерілген (операция жасалған) пациенттердің тізімі құралады;

медициналық құжаттардың мәліметтері және қосымша жүргізілген зертханалық зерттеулер бойынша жоғарыда көрсетілген тізімге қосылған пациенттердің инфекциялық статусы анықталады;

зардап шеккен пациентке эндоскопиялық араласу жүргізуге және жабдықты өңдеуге тікелей қатысқан медицина персоналын тексеру және зертханалық тексеру;

культуралды (антибиотиктік-грамманы анықтаумен түрді сәйкестендіру), болған жағдайда зертханалық зерттеулердің молекулярлы-генетикалық әдісін қолданумен клиникалық материалдан бөлінген сол бір түрінің бактериясын сәйкестендіруді дәлелдеу жолымен зардап шеккен пациенттің және күдікті инфекцияның көзі (егер табылса) арасындағы тікелей байланыс орнатылады.

Эндоскоп, эндоскопқа арналған құрал-сайманға, ЖДМ және медицина персоналының қолдары инфекция қоздырғышын таратудың ықтимал факторлары ретінде қарастырылады.

Инфекция қоздырғышының берілу факторын анықтау үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

зардап шегуші пациент тексерілген эндоскоптың герметикалығын бағалау және оқшауланған микроорганизмдердің түріне сәйкестендірілген өңдеудің тиімділігін кезектен тыс бактериологиялық бағалау. Эндоскоптың каналдарынан және (немесе) сыртқы беттерінен алынған сүртінділерден бөлінген микроорганизмдер, зардап шегуші пациентте инфекциялық ауру қоздырғышына сәйкес келуі осы эндоскоптың берілу факторы екенін растайды;

эндоскопиялық зерттеу хаттамасы бойынша қолданылған құрал-сайманның түрі анықталады; өңдеу технологиясын сақтау, оның ішінде стерилизация әдісі бағаланады; құрал-саймандардың стерильділікке жоспарлы микробиологиялық

бақылаудың алдыңғы нәтижелері талданады; жоспардан тыс бактериологиялық бақылау жүргізіледі;

эндоскоп өңделетін ЖДМ (өңдеудің механикалық тәсілін пайдаланған кезде) анықталады және машинаның әр түрлі аймағынан алынған сүртінділерге және қайталама ластануға арналған (көп рет қолдану кезінде) дезқұралдарының жұмыс ерітінділерінің сынамаларына бактериологиялық зерттеулер жүргізіледі. Алынған үлгілерден бөлінген, зардап шегуші пациенттің инфекциялық ауру қоздырғышына сәйкес микроорганизмдер ЖДМ-ді инфекцияны тарату факторы ретінде қарауға негіз болады.

Шартты-патогенді бактериялармен (бұдан әрі - ШПБ) және диагностикалық эндоскопиялық тексерулермен немесе эндоскопиялық қол жеткізумен орындалған хирургиялық араласулармен байланысты инфекция оқиғаларына тексеру патогенді бактериялардан туындаған инфекциялар ұқсастығы бойынша жүргізіледі. Жалпы медициналық ұйым бойынша эпидемиологиялық жағдай туралы деректер және микробиологиялық мониторинг нәтижелері қосымша бағаланады. ШПБ туындаған инфекциялар эндоскопиялық араласудан кейін 48 сағаттан 30 күнге дейін тіркеуге жатады.

Жұқтырған пациенттердің клиникалық материалынан, сондай-ақ, инфекцияның болжамды тарату факторларының сүртінділерінен бөлінген бір түрдегі бактериялар культурасының сәйкестігін анықтау үшін, олардың культуралық қасиеттеріне, антибиотикограммаларына салыстыру жүргізіледі, ал егер мүмкіндік болса, қосымша зерттеудің молекулярлы-генетикалық әдісі пайдаланылады.

Пациенттің болжамды эндоскопиялық араласулармен байланысты В вирусты гепатитімен (бұдан әрі - ВВГ) немесе С вирусты гепатитімен (бұдан әрі - СВГ) жұқтырылу жағдайына эпидемиологиялық тексеру жүргізуде пациент туралы келесі деректерді жинау қажет: ауырған күні, соңғы, бұрынғы ауырған күндері, қан сарысуының вирусты гепатит маркерлеріне зерттеулері және (немесе) дезоксирибонуклеин қышқылдарына (бұдан әрі - ДНК) және (немесе) рибонуклеин қышқылдарына (бұдан әрі - РНК) теріс нәтижелері құжатпен бекітілген; В вирусты гепатит түріне қарсы вакцинациясының болуы (вакцина енгізілген күн және препарат); максималды инкубациялық мерзім аралығында эндоскопиялық араласулар күні (күндері);

Эндоскопты инфекция қоздырғышының ықтимал тарату факторы ретінде қарастырған кезде мынадай шаралар қабылданады:

қазіргі санитариялық қағидаларға сәйкес эндоскоптарды өңдеудің барлық аспектілері зерттеледі;

эндоскопиялық араласулардың (әр түрлі түрдегі жүргізілген араласулар кезектілігі) картасы құрылады және бөлімде, бөлімшеде, эндоскоп кабинетінде

орындалған зерттеулерді тіркеу журналы бойынша, немесе стационарда оперативті араласулар журналының жазбасынан 3 ай ішінде (ВВГ үшін) немесе 2 апта мерзімінде (СВГ үшін) жұқтырған пациент эндоскопиялық араласу күндеріне дейін сол эндоскоппен тексерілген (операция жасалған) пациенттер анықталады;

медициналық ұйымға емдеуге жатқызу сәтіне дейін оларда В (С) гепатиті болуы (болмауы) туралы деректерді алу үшін анықталған пациенттердің медициналық құжаттары зерделенеді; мұндай мәліметтер жоқ адамдарға қосымша ВВГ (СВГ) маркерлеріне зерттеулер жүргізіледі, қажет болған жағдайда – ДНҚ (РНҚ) және вирус генотипін анықтау.

Пациентте және зардап шеккенде сол генотиптің гепатит вирусы, эндоскопиялық зерттеулер күніне дейін анықталған болса, инфекцияның болжамды көзі ретінде қарастырылады. Оның зардап шеккенмен тікелей байланысын дәлелдеу үшін, олардың ұқсастығын анықтау бойынша вирустарды молекулярлы-генетикалық зерттеулер қажет.

Жоғарыда көрсетілген мерзім шегінде вирусты гепатит маркерлері анықталмаған пациенттер (серонегативті пациенттер), жұқтыру қаупі төнген адамдар ретінде зардап шеккендермен тең дәрежеде қарастырылады. Максималды инкубациялық кезең шегінде эндоскопиялық зерттеулерден кейін оларда ВВГ (СВГ) маркерлерінің анықталуы, тереңдетілген клиникалық-зертханалық тексеру молекулярлы-генетикалық әдістерін пайдалана отырып, вирусты верификациялауда инфекция көзі және жұқтырған науқастың байланысын растау үшін (алып тастау) жүргізу негіз болып табылады.

Егер эндоскопиялық зерттеу седативті препараттарды пайдалана отырып жүргізілсе, препараттардың атауы және оларды өлшеп орауы (бір дозалық, көпдозалық) анықталады. Науқас және басқа да пациенттер үшін (жүргізілген эндоскопиялық зерттеулер түріне қарамастан) бір препараттың бір құтысын пайдаланған кезде олардың қаны ВВГ (СВГ) маркерлеріне зерттеу, ал серопозитивті тұлғаларда –ДНҚ (РНҚ) вирустар бөлу жүргізіледі. Пациенттер арасында жұқтырған бір генотипті вируспен байланысын дәлелдеу үшін қосымша молекулярлы-генетикалық зерттеу әдісі пайдаланылады.

Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
10-қосымша

Кеміргіштердің санын есепке алу

1. Кеміргіштерді есепке алу олардың көбеюі кезеңінде – наурыз-сәуір және қазан-қараша айларында, саны артқан кезде ашық стациялардан шығып құрылыстарға кіруіне дейін, егеуқұйрықтар мен тышқандар популяцияларының жағдайын бағалау үшін жылына екі рет жүргізіледі.

Есепке алу екі сатыда жүргізіледі. Кеміргіштердің құрылыстарда болу қарқындылығын алдын ала бірінші бағалау үшін есепке алуға есепке алу жүргізу кезінде кеміргіштер болған барлық құрылыстар кіреді.

2. Бірінші сатыда кеміргіштердің болу қарқындылығын алғашқы бағалау үшін алдымен ғимараттарға қойылған ұннан жасалған жемді немесе талькті қолданады, егер жем аз болса, жаңа алаңдарды қояды. Оларды ауданы 1000 м² болатын ғимараттарда қабырғалардың бойымен әр 4-5 метр сайын, ауданы үлкендеу ғимараттарда сиректеу, әр 8-10 метр сайын қояды. Алаңдарды ғимараттардың барлық ауданы бойынша емес, кеміргіштердің болуы мүмкін үй-жайларда: жертөлелерде, еден астында, қоймаларда, қосалқы бөлмелерде, ас блоктарында, бірінші және екінші қабаттардағы пәтерлерде, қара егеуқұйрықты есепке алу жағдайында шатыр астындағы бөлмелерде қояды. Кеміргіштердің болу қарқындылығын олар жүріп өткен барлық кіші алаңдар санын ғимараттардың жалпы ауданына бөлу арқылы анықтап, келесі шкала бойынша бағалайды:

Кеміргіштердің олар мекендеген құрылыстардың 1000 ш.м-ге алаңдардан жүріп өтуі		
Көп	Орташа	Аз
5,0-ден жоғары	5,0-1,0	1,0-ден кем

Мысал:

$$17 \text{ алаң } X = \text{-----} = 1,7 \text{ (орташа) } 10,0 \text{ мың м}^2$$

3. Есепке алудың екінші сатысын кіші алаңдарды есептеу кезінде іздер табылған барлық үй-жайда қақпандардың көмегімен жүргізеді. Егеуқұйрықтар жүретін үй-жайға әр 20 м²-ге бір қақпан қояды. Тышқандар жүретін үй-жайға әр 10 м²-ге 1 қақпан қояды. Кеміргіштердің іздері табылмаған үй-жайға қақпандарды қоймайды. Үш күн қатарынан барлық қақпандарды күніне бір рет тексереді, ұсталған кеміргіштерді жинайды, жемді (өсімдік майы қосылған нанды) ауыстырады. Кеміргіштердің әр түрінің санын былай жеке анықтайды: кеміргіштердің бір түрінің жалпы санын олар ұсталған ғимараттардың қосынды ауданына бөледі.

Әр түрдің санын мынадай шкала бойынша бағалайды:

Олар мекендеген құрылыстардың 1000 ш.м-де ұсталған кеміргіштер		
Көп	Орташа	аз
1,0-ден жоғары	1,0-0,5	0,5-ден кем

Мысалдар:

5 сұр егеуқұйрық X, = ----- = 1000 шаршы м-де 0,8 сұр егеуқұйрық 6,1 мың шаршы м (орташа) 9 үй егеуқұйрығы X2= ----- = 1000 шаршы м-де 0,6 үй егеуқұйрығы 14,6 мың шаршы м (орташа).

4. Ашық стацияларда есепке алуды кеміргіштердің ғимараттарға кіруіне дейін егеуқұйрықтардың, тышқандардың, басқа түрлердің құрылыстан тыс популяциясын анықтау және олардың сырттан келуінен қорғау шараларын қабылдау үшін жүргізеді. Есепке алуды жүргізгенге дейін ашық аумақ учаскелерін визуалды түрде тексереді және егеуқұйрықтар мен тышқандарға бөлек арналған қақпандарды сызық бойынша қоятын жерлерді белгілейді.

5. Есепке алу орындарының санын тексерілуі мүмкін ашық аумақтың әр 5 га-сына бір тәулікке 100 қақпан келетіндей (жүз қақпан-тәулікпен) анықтайды. Ауданға бөлінбейтін елді мекенде немесе ірі қаланың әр ауданында есепке алуды екі-үш жерде (200-300 қақпан-тәулікпен) жүргізеді. Қақпандарды сызық бойымен бір-бірінен 5 м арақашықтықта, күннің екінші жартысында немесе кешке қояды. Оларды таңертең ерте алып, тексереді. Бірінші және екінші есепке алу тәуліктерінде таңертең тексеру арқылы 50 қақпанды 2 тәулікке қоюға болады. Бірінші тексеруден кейін нан жемін жаңасына ауыстырады.

6. Кеміргіштердің әр түрінің санын (ұсталу пайызын) төмендегідей формуламен анықтайды:

Барлық ұсталған кеміргіштер x 100 X = ----- Барлық қақпан-тәулік

Мысал:

8 сұр егеуқұйрық x 100 800 X = ----- =100 қақпан-тәулікте
2.7 сұр егеуқұйрық 150 қақпан x 2 тәулік = 300

7. Алынған нәтижелерді алдыңғы есепке алу деректерімен салыстыру белгілі түрдің азаюын немесе көбеюін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 28 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-8 бұйрығына
2 -қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 48 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10388 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 сәуірде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 389 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14308 болып тіркелген);

3) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 677 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының 1-тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12333 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда жарияланған).